"Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы"



# Қазақ университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің газеті

№ 7 (1271)
қазан 1998 жыл

## Приветствие II Республиканскому съезду библиотечных работников

В связи с таким важным форумом библиотечных работников мне хотелось бы высказать те чувства уважения и восхищения, которые я испытываю к представителям одной из благороднейших профессий на свете. Хранить сокровища знаний и передавать их людям - это высокая миссия истинных подвижников культуры.

Библиотека является одной из важнейших основ цивилизации, книга была и остается уникальным творением человека. Обращение, прикосновение к ней обогащает знаниями и служит импульсом для творчества многих людей.

Мы живем в эпоху величайших общественных перемен и научных открытий. С начала 90-х годов стало очевидным, что информационные ресурсы, сосредоточенные в библиотеках, играют важную роль в прогрессивном развитии любого общества. Происходящие сегодня технологические изменения постепенно устанавливают новую ступень развития библиотек как социального института.

Одной из ключевых тенденций современного развития является формирование новой информационной среды. Технологическую базу этой среды составляют глобальные компьютерные сети или то, что принято называть термином "Интернет".

Книга, заключенная в ней информация, являются основным инструментом передачи знаний. От богатства фондов библиотек зависит во многом качество подготовки специалистов.

Казахский государственный национальный университет им.аль-Фараби поддерживает свою библиотеку, имеющую 1,5 млн. томов книг: ежегодно на комплектование фонда выделяется до 10 млн.тенге, открываются новые читальные залы, в том числе компьютерный зал для работы в Интернете, проводятся мероприятия по социальной защите библиотечных работников.

Я убежден, что в библиотеках трудятся внимательные и компетентные люди, которые готовы поделиться своими знаниями с молодыми людьми, которые учатся в высших учебных заведениях.

Уважаемые хранители книжных сокровищ, пропагандисты книги! Поздравляю вас с замечательным событием - II съездом библиотекарей Казахстана, который несомненно даст новый импульс в развитии библиотечного дела. Я желаю вам творческих успехов, благополучия, а главное - оптимизма и веры в будущее.

***К.Н.НАРИБАЕВ,***
***Ректор КазГУ им. аль-Фараби***
***член-корр. НАН РК***

Қазақстан кітапханашылары съезі
Алматы'98

## Қазақстан кітапханалары XXI ғасырда

Кітапхана ісі үшінші мыңжылдықта жоғары даму деңгейіне көтеріледі. Себебі әлем жаңа кезеңге дайындалуда. XXI ғасыр американ футурологы Тоффлердің болжамы бойынша, билік күші ақпаратты иеленумен анықталатын уақыт болмақ.

Қазақстанның ақпараттық саясаты әлемдік процеске сәйкес келеді. Республиканы 2030 жылға дейінгі дамытудың ұлттық стратегиясына сәйкес мемлекет ғылыми-техникалық міндеттерді шешуді, біздің қоғамды жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиямен толық интеграциялауды және тұрғындардың ақпаратқа толық еркіндігін қамтамасыз етуді өз міндетіне алып отыр. Бұған сондай-ақ, мектептерді компьютерлендіру кең ауқымды бағдарламасы енеді. Сөз жоқ, Қазақстанның ақпараттық дамуында кітапханалардың әлеуметтік ролі аса зор. Сондықтан да "Қазақстан-2030" стратегиясын жүзеге асырудың бірінші жылында кітапхана қызметкерлерінің республикалық II-съезі кітапхана ісінің даму жолындағы жалпы стратегиялық приоритетті бағдарламаларды белгілеу үшін шақырылып отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстанда сегіз миллион оқырман он мыңнан аса кітапхананың 200 млн. қорын пайдалануда. Бұл - Астанадағы филиалымен қоса Ұлттық кітапхана, көпшілік, ғылыми, техникалық, жоғары оқу орындары, мектеп және т.б. кітапханалар торабы. Олар жасы, білімі, ақыл-ойы әртүрлі оқырмандармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуде.

Сонымен бірге әлемдік Интернет жүйесіне қосылып, дербес компьютерлерге ақпараттар ендіру мен сақтауды, елдің жарқын болашағы үшін жасалынатын бағдарламаларды ақпараттармен толық қамтамасыз етуді және оларды отандастарымыздың еркін пайдалануын жүзеге асыруда.

Тілдік кедергілер біртіндеп жойылуда, қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ақпараттарды пайдалану уақытпен де, кеңістікпен де шектелмейді. Мұның барлығы талдау мен өңдеу негізінде бұрыннан бар ғылыми потенциалды жаңа білім қорымен толықтыруға, білімнің әлемдік базасын құруға алып келеді. Кітапхана ақпараттарды сақтайтын орын ретінде әлемнің рухани байлығына еркіндікті қамтамасыз етеді.

Ақпараттық ғасырда кітапханаларға айрықша құқық ретінде мына ерекшеліктерді сақтап қалу керек:

- кітапхана - білімді пайдаланушылардың барынша үлкен тобын қамтитын маңызды терминал;
- әдебиеттерді каталогтендіру, индексациялау, іріктеу - білімді жетілдіруді ұйымдастырудың базисі;
- кітапханалар - адамдардың басын қосу мүмкіндігі бар бірден-бір орын;
- кітапханалар - ақпараттық инфрақұрылымнан тыс жердегі адамдарды қажетті ақпараттармен қамтамасыз етудің қайнар көзі.

Кітапханашы - интеллектуалдық процесте катализатор және қатысушы, ол ақпаратты білімге, білімді даналыққа айналдырады. Дәстүрге беріктік дәл қазіргі технологиялар заманында жеткіліксіз. Кітапхана экономикаға, білімге, ғылымға, тарихқа өз үлесін қоса алады.

Сондықтан да, Қазақстанда жаңа жүз жылдық қарсаңында жабылып қалған облыстық, аудандық жергілікті және жоғары оқу орындары кітапханаларын қайта ашудың маңызы зор. Ол - өмір талабы. Жаңадан құрылған кітапхана ассоциациясы болашақ үшін жұмыс істейді. Оның мақсаты - қазақстандықтардың қазіргі және болашақ ұрпағының білімі, мәдени, ғылыми, демалыстық талап-тілегін қайтарымсыз қанағаттандыру жүйесін құру. Ол ішкі және сыртқы кітапханалық-ақпараттық ресурстар негізінде іске асырылады.

Бізге болашақтағы өзгерістер үшін шешуші қадам жасау керек. Ол - съезде жер бетіндегі барлық адамдардың ізгі ниеттері атынан біртұтас жаңару стратегиясын қабылдау. Қоғам дамуындағы кітапханалар ролінің айрықша екенін таныту Қазақстан кітапханашыларының II-съезінің басты міндеті болып табылады.

***Р.БЕРДІҒАЛИЕВА,***
***Ұлттық кітапхананың Бас директоры,***
***ҚР Кітапханалар Ассоциациясының Президенті.***

Библиотечная Ассоциация Республики Казахстан приветствует библиотекарей страны!

Мы объединяем всех, кто желает уверенно шагнуть в третье тысячелетие.

*11 марта 1997 года создана Библиотечная ассоциация Республики Казахстан - добровольная общественная организация, объединяющая на демократической основе юридических лиц, профессионально связанных с библиотечным делом и заинтересованных в его развитии*

Основные цели Ассоциации:

- создание условий, гарантирующих полное и беспрепятственное получение гражданами нужной им документальной информации;
- содействие совершенствованию библиотечного законодательства, обеспечивающего должную заботу о библиотеках и об обществе, которое ими пользуется;
- защита прав, экономических интересов, повышение престижа библиотек и работников;
- определение приоритетных направлений развития в условиях меняющейся социально-экономической ситуации;

В программе Ассоциации - вопросы комплектования библиотечных фондов, реорганизация библиотечной технологии на основе автоматизации, подготовка новых нормативно-регламентирующих и инструкторско-методических документов, участие в разработке системы стандартов по библиотечному делу, развитие международного сотрудничества, серьезная кадровая политика.

В настоящее время в формировании фондов присутствуют элементы случайности, удачи и неудачи, везения и невезения, обусловленные дефицитом финансирования и недостатками книжного рынка.

Все это ведет к потере актуальности фондов, преодолеть которую устаревшими методами и в одиночку никому не удастся. Еще далеко не все поняли, что возврата к прежнему регламентированному централизованному комплектованию не будет, что многие наши беды связаны с разобщенностью сил, средств и ресурсов. Поэтому предстоит осваивать новые формы работы на основе книгообмена, кооперирования и разумного расходования средств в рамках общей программы.

Медленно и робко осуществляется переход от традиционных к компьютерным технологиям из-за отсутствия единой государственной политики в области автоматизации библиотек и библиотечного дела.

Практически нет информации об успехах, темпах работ, проблемах и их разрешении. Причина в отсутствии библиотечных изданий, а до последнего времени и профессиональных объединений, которые серьезно занялись бы нуждами библиотек. Создание Ассоциации, надеемся, поможет устранить все недостатки.

В условиях рыночной экономики библиотеки успешно используют право на оказание дополнительных платных услуг, привлечение средств спонсоров и благотворительных организаций. Кое-кто преуспел на этом пути, что позволило формировать фонды и успешно обслуживать пользователей вне жесткой зависимости от финансового дефицита.

Сделать этот опыт достоянием тех, кто желает им воспользоваться, должна Ассоциация. Его освоение поможет успешному решению сложной и трудоемкой задачи, поставленной сегодня перед библиотеками всех типов, работающими под эгидой разных ведомств, - оказание действенной информационной помощи становлению малого и среднего бизнеса в республике.

Свои сложности вносит в привычный режим работы смена поколений. Все чаще в библиотеки приходит молодежь, не имеющая специального образования, на рядовые должности и на должности руководителей высшего и среднего звена. Поэтому Ассоциация ставит своей целью подготовку и реализацию детальных, конкретных планов обучения библиотечных работников всех уровней.

Круг вопросов, которые предстоит вынести на изучение и обсуждение, достаточно широк: новые формы, приемы, методы обслуживания пользователей, основы маркетинга, компьютеризация библиотечных процессов, файдрайзинг, прогнозирование информационного спроса и услуг, формирование имиджа библиотеки, реклама, внедрение инноваций.

И, наконец, чрезвычайно важно, чтобы библиотеки Казахстана стали равноправными членами мирового библиотечного сообщества. Добиться этого можно опять-таки только через Ассоциацию, которая способна успешно развивать международное сотрудничество, устанавливать связи с благотворительными фондами, вступив в Международную федерацию библиотечных ассоциаций (ИФЛА) в качестве единого коллективного члена, в другие организации, связанные с библиотечным делом и информацией.

В Ассоциации предусматривается создание объединений по интересам: комплектаторов, каталогизаторов, менеджеров, автоматизаторов, библиографов. В них каждый найдет единомышленников, сможет проявить инициативу, изобретательность, творческое мышление, предприимчивость.

Для вступления в Ассоциацию необходимо заполнить и выслать заявление-анкету, и оплатить вступительный взнос коллективного члена.

Наш адрес: 480013, г.Алматы, пр.Абая, 14, НБ РК Штаб-квартиры тел: 696586 (Президент)
БАРК 628628 (Ответ. секретарь) факс: 8-3272-696586
Реквизиты 480012, г.Алматы, ул. Богенбай-батыра, 156, Филиал №3 ОАО
Банк Центр Кредит МФО 190501719, р/с 4609293, РНН 600400083696

***К.Г.УРМУРЗИНА,***
***директор РНТБ Казахстана, вице-президент Ассоциации***

# Ұстаздарға алғыс көп айтылатын

Ұстаз талапты болса, шәкірті талантты болады деген сөз бар емес пе. Өзім сүйіп таңдаған кітапханашы мамандығына қадам басқан алғашқы күннен бастап Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының кітапхана бөлімінде білім нәрімен сусындатқан ұстаздарым Шолпан Хайроллақызы Бекмағанбетованы, Күләш Ғазизқызы Нұрахметованы, Әшірбекова Жамал Базылқызын, Мұқашева Мария Баскенқызын әркез мақтанышпен еске аламын. Олар өздері еңбек ететін институт қабырғасынан мен сияқты қаншама шәкірттерге білім беріп, саналы да тәрбиелі мамандар тәрбиелеп, алтын ұядан ұшырды десеңізші. Қазір де оқулықтардың, оқу құралдарының жетіспеушілігін білдірмей, теориялық білім деңгейін тәжірибемен ұштастыру мақсатында шәкірттерін ертіп кітапханада жүргендерін көресіз.

Бүгінгі сабақ - кешегінің жалғасы, ертеңгіге жол басы демекші, институт қабырғасынан түлеп ұшқан соң, алғаш еңбек жолымды Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында бастадым. Әрине, институтта алған теориялық білімімді бірден тәжірибе жүзінде іске асыру мен үшін оңайға түскен жоқ. Бұл жерде де мені тәжірибелі қарапайым кітапханашы апайларым жас маман ретінде қуана қарсы алып, өз ақыл-кеңестерін айтып, сан қырлы кітапхана жұмысын үйретуден жалықпай келеді. Атап айтсам, өзім қызмет істейтін ғылыми-әдістемелік бөлімнің меңгерушісі Айман Қанатқызы Маметованы, Шолпан Хакімқызы Тазабекованы, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Сағира Төлегенқызы Қанахинаны қалайша алғашқы еңбек жолымдағы ұстаздарым деп айтпасқа. Ал кітапханамыздың басшысы Роза Аманғалиқызы Бердіғалиеваға келсек, бұл кісінің Қазақстан кітапханаларына сіңірген еңбегі өз алдына бір төбе. Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесі бар ғалым-маман бүгінгі Европа елдерінің жаңа техникасын Қазақстан кітапханаларына аса бір қайраттылықпен, ешқандай қиындыққа қарамастан баса енгізуде. Ол өз жұмысын Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының кітапханашылар даярлайтын бөлімімен тығыз байланыста жүргізуде. Институт қабырғасында жүргеннен-ақ біздер яғни болашақ мамандар Роза Аманғалиқызының сабағын асыға күтуші едік. Өйткені ол сабақтарын өте қызықты, кітапхана ісінің теориясын бүгінгі күн талабына сай, шет ел кітапханаларының іс тәжірибелерімен байланыстыра өткізуші еді.

Еңбек майданында мен сияқты талай-талай жас мамандарды тәрбиелеп, кітапхана ісінің кәсіби мамандығын меңгеруге жетелеген осындай ақ көңіл, қарапайым ұстаздарыма барлық кітапханашы шәкірттері атынан алғысымды айтамын.

**Жанна САДЫРБАЕВА,**
**Ұлттық кітапхананың 1-дәрежелі кітапханашысы.**

# Наука - библиотека: проблемы, пути решения



Сегодня центральная научная библиотека (ЦНБ) - это крупный научно-информационный центр республики, деятельность которого осуществляется централизованной системой, включающей 22 филиала.

Универсальные по содержанию фонды (5,5 млн. томов) содержат литературу на казахском, русском и иностранных языках, обеспечивая широкий круг потребителей информацией в области естественных и общественных наук. Библиотека располагает богатейшим собранием редких книг и рукописей. За 65 лет своего существования она прошла путь становления от традиционно-архивной на качественно новый уровень развития информационного потенциала, становясь динамичным центром технической информации. Создаются фонды на нетрадиционных носителях CD-ROM, БД, микрофильмов, микрофиш.

Библиотека ищет дополнительные источники получения новой литературы, особенно зарубежной. Ей оказывают поддержку благотворительные фонды: Американская ассоциация содействия развития науки (г. Вашингтон, по программе "Журнальная инициатива в Евразии"); фонд Сорос-Казахстан; европейский физический союз в Париже по программе "Физические журналы для СНГ"; немецкий библиотечный институт; американское метеорологическое общество и мн. другие.

В рамках международной Ассоциации академий наук стран СНГ и Балтии ведется обмен научными изданиями. Активными партнерами являются библиотеки академий наук Украины, России, Беларуси, Кыргызстана, Узбекистана и др.

Министерство науки - Академии наук помогая библиотеке, утвердили перечень основных научных изданий подлежащих бесплатной передаче не только в фонды библиотеки, но и для обмена партнерами (более 600 научных учреждений).

Направляются усилия на расширение использования Интернет не только для получения информации с мировых без данных, но и предоставление для мирового научного сообщества информации о достижениях республиканской науки.

Активно используется электронная почта (RELKOM) для получения и отправки информации.

Однако библиотека испытывает большие трудности в техническом оснащении. Отсутствие площадей не позволяют открывать специальные классы для работы читателей с электронными версиями, создавать условия для хранения фондов на нетрадиционных носителях, а также свободного доступа к ним потребителя.

И для решения этих задач библиотеке необходима поддержка не только, министерства-академии, но государства и общества. Требуется объединить усилия министерств и ведомств для разработки необходимых нам законодательных актов по библиотечному делу. В создании и подписании межгосударственных соглашений, направленных на формирование единого информационного пространства СНГ, развитие международного сотрудничества, вложение средств на техническое оснащение библиотек, что во много крат сэкономит средства в получении информации и ее использовании.

И надеемся, что съезд библиотекарей Казахстана послужит хорошим толчком к объединению всех усилий, для решения важных государственных задач.

***К.К.АБУГАЛИЕВА,***
***директор ЦНБ МН-АН РК.***

## Интернет для "чайников"




Если вы ищете самый легкий и веселый путь изучения компьютеров, загляните в предлагаемую серию книг... для "чайников", и вам обеспечена помощь и доступность!

Издательство "Диалектика" (Киев) предлагает вниманию читателей серию компьютерных книг.

В научную библиотеку КазГУ поступило 4-ое издание книги Интернет для "чайников". Перевод с английского. Авторами являются известные американские специалисты в области компьютерной грамотности Джон Р.Левин, Кэрол Бароди, Маргарет Левин-Янг.

Вы побаиваетесь компьютера? Вы находите, что традиционные руководства перегружены техническими деталями, которые вам никогда не понадобятся? Тогда серия компьютерных книг "...для чайников" специально для вас.

Предлагаемая книга сможет пригодиться даже таким раздраженным людям, которые запутались в компьютерной терминологии и чувствуют себя беспомощными.

Книга написана в легком, шутливом тоне, даже смешные рисунки специально предназначены для того, чтобы развеять страх компьютерных новичков и добавить им уверенности в собственных силах.

В книге рассматриваются именно те части и возможности Internet, которые больше всего интересуют обычных пользователей, - это World Wide Web, электронная почта и группы новостей. С юмором, терпением и практически без заумных технических терминов авторы выведут вас на Информационному супермагистраль!

Книгу вы найдете в компьютерном зале, который находится на первом этаже здания ректората.

***Е.Д.АБУЛКАИРОВА,***
***директор библиотеки***
***КазГУ им. аль-Фараби***

## И в шутку и всерьез

Читатель: "Вот прочитал я эту статью. Умом все понимаю, но организм мой не хочет понять..."

***

Библиотекарь (по телефону): "Игорь Иванович? Приходите, подошла ваша очередь на "Белые одежды" Это Петренко? Подошла очередь на "Плаху".

***

Библиотекарь: "А когда это "Мужики и бабы" пришли? Я что-то не заметила..."

Қазақ университеті

*Наши корифеи*

# Библиотекарь для всех поколений



Наверное, редко найдешь человека, который проработал бы в одной библиотеке 40 лет, их них 15 - руководителем. Речь идет о заслуженном работнике культуры, кандидате исторических наук, бывшем директоре Государственной, ныне Национальной библиотеки Назире Кожахметовне Даулетовой.

Н.К.Даулетова - первая казашка, директор первой Библиотеки Казахстана. Она нынче на заслуженном отдыхе, но пока в строю, пишет книги, статьи, общается с коллегами, дает советы.

Многие читатели, коллеги из Национальной библиотеки, друзья за пределами Республики с теплотой отзываются с ней. Вот что пишет о ней видный деятель библиотечного дела России кандидат педагогических наук Г.Фонотов. "В моем представлении сложился образ простой, скромной женщины и умелого руководителя".

Она приняла в качестве руководителя небольшую, малоизвестную за пределами Казахстана библиотеку и оставила, уйдя на заслуженный отдых, колоссальный дворец, великолепное хранилище книг, которым восхищаются библиотекари и читатели всего мира.

Многие помогали ей в создании Национальной библиотеки, но ее заслуги неоценимы.

Назира Кожахметовна достойная продолжительница своей династии, которая славится богатыми традициями. Доброта, спокойствие, трудолюбие, терпеливость и милосердие - все эти качества характеризуют ее.

В суровые военные годы Н.К.Даулетова окончила физико-математический факультет. Еще будучи студенткой, увлекалась чтением художественной литературы.

В 1947 году произошел резкий поворот в ее судьбе, она пошла работать в Республиканскую библиотеку им. А.С.Пушкина, и поступает на заочное отделение Московского библиотечного института. Начинала она работу в отделе обслуживания читателей, затем в должности заведующего отделом, где проявила свои лучшие качества, терпение, любовь к читателям и книге.

В начале пятидесятых Назира Кожахметовна уже заместитель директора по научной работе, она активно включается в научно-исследовательскую работу.

В 1963 году Н.Даулетова становится директором библиотеки. Эту многотрудную должность она достойно занимала четверть века.

Нелегко быть руководителем крупного учреждения, но надо сказать, что Назира Кожахметовна еще прекрасная мать и любящая жена. Она воспитала четверых детей, а ныне уже бабушка. В свое время успешно защитила диссертацию и ученый совет Института истории Академии наук Казахской ССР единогласно присвоил ей ученую степень кандидата наук.

Уйдя на заслуженный отдых, Н.Даулетова осталась в строю: она руководит Мемориальным музеем Г.Мусрепова, проработав в котором восемь лет, организовывает другой музей поэтессы М.Хакимжановой в Кустанае.

И сейчас она ведет активную жизнь. 25 сентября 1998 года в доме ученых Академии наук РК прошла презентация биобиблиографии, посвященной Н.К.Даулетовой.

Об интересном жизненном пути Назиры Кожахметовны можно писать много. Она заслуженный библиотекарь в буквальном смысле этого слова, человек, достойный подражания для многих поколений библиотекарей.

*Е.АБУЛКАИРОВА, директор Научной библиотеки КазГУ,*
*К.АБУГАЛИЕВА, директор библиотеки АН РК.*
*Ж.АБУЗАРОВА, директор Респ. юношеский библиотеки.*

# Күй атасына құрмет

Құрманғазы Сағырбайұлының 175 жылдық мерейтойы республика көлемінде кеңінен аталып өтуде. Осынау күй мерекесінен Алматы қаласындағы кітапханалар да тыс қалған жоқ. Атап айтқанда, әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің ғылыми кітапханасының оқу залында жасақталған "Күй құдіреті" атты кітап көрмесін оқырмандар ілтипатпен қабылдады. Әсіресе, көрмеге қойылған тарихшы Исатай Кенжалиевтің "Қос ішек" деген кітабы, атақты композиторымыз А.Жұбановтың еңбектері және Шерхан Мұртазаның "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған "Еділ жұртта ақ кесене" атты мақаласы оқырмандар сұранысын қанағаттандырды.

Ал, халқымыздың ардақты ақындарының бірі Хамит Ерғалиевтің "Құрманғазы" поэмасындағы:

"Азғырда Жалпақшағын
Жиделіде,
Жиделі әлі күнге дейді елі де.
Кектеніп ол заманда құм
қазағы,
Сарнады сол арадан күй желі
де", - деген өлең жолдары көрменің шырайын асырып, мазмұнын ашып тұрғандай.

Университеттің биология факультеті студенттерімен өткізген "Мәңгілік мұра" атты библиографиялық шолуымызда Құрманғазының күйшілік қыры мен сырына жан-жақты тоқталдық. Күйшінің халық арманын, мұңын, елінің еркін ескен желінің сырлы үнін, тұлпар шабысын күйлерінде тереңнен толғап отырғандығын талдап түсіндірдік.

Күйшінің көптеген архив материалдары сақталып, ол туралы талай мақалалар, музыкалық кітаптар топталған ең ірі мекемеміздің бірі - Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияның кітапхана-шылары атқарып жатқан іс-шара өз алдына бір төбе. Оқырмандарға күйшінің шығармашылығымен таныстыратын үлкен кітап көрмесін жасақтап, қорда бар әдебиеттерін ұсынған. Оқу залында газет-журнал беттеріне басылып шыққан белгілі ақын-жазушыларымыздың күй атасы туралы еңбегін жинақтап, көркемдеп, "Құрманғазы және қоғам" атты үлкен бір альбом жасақтаған.

Сонымен бірге Құрманғазының нотаға түсірілген күйлері, өзі туралы жазылған деректер, библиографиялық ұсыныс тізімдері әрбір кітапхана, оқу және ғылыми залдардан орын алған.

Республикалық жасөспірімдер кітапханасы "Его домбра звучала для народа" деген тақырыппен күй табақтарын қолдана отырып, қазақ және орыс тілдерінде әңгіме сағатын жүргізген.

Ұлылар тек даналыққа баулиды. Ұлы күйшіміз Құрманғазы бізді ұлы ел, ұлағатты қауым болуға үндей берсін деген тілекпен, жоспарымыздағы "Күй ата", "Қос ішек", "Қазақтың ұлы композиторы" айдарымен өткізетін кеш, кездесулеріміздің оқырмандар көңілінен шығуы үшін еңбектенеміз.

*Нәзипа МАЛДЫБАЕВА, ҚазМУ-дің ғылыми кітапханасының бөлім меңгерушісі.*

*Наши достижения*

# На пути к совершенству

Информация на сегодняшний день является тем оружием, которое помогает человеку, добиться наилучших разултатов в достижении своей цели, максимального использования всех потенциальных возможностей.

Огромные средства, по Указу Президента Республики Казахстан Н.а.Назарбаева, вкладываются в процесс компьютеризации всей страны, приобщения широкой массы населения к новым достижениям науки и техники XXI века.

С целью удовлетворения быстрорастущих потребностей абонентов в январе 1998 года в Научной библиотеке, при непосредственной поддержке ректора КазГУ им. аль-Фараби К.Н.Нарибаева при содействии Физико-Технического института НАН РК был создан комплекс, позволяющий подключиться к Всемирной компьютерной сети Интернет для использования ее в образовательных целях. Для этого был открыт компьютерный зал свободного доступа к глобальным информационным сетям, включая Интернет. Его услугами получили возможность совершенно бесплатно пользоваться студенты, профессорско-преподавательский состав и сотрудники КазГУ. Зал Интернета выполняет функцию своеобразного "виртуального" читального зала университета. Программное обеспечение проекта было предоставлено Физико-Техническим институтом, через который также был налажен радиомодемный канал. График пользовательских услуг также оплачивается из фонда ФТИ.

Использование удаленных источников информации привело к формированию качественно новой информационной инфраструктуры, для полноценной работы с которой необходимо создание профессионально оборудованных центров. Одним из таких центров, обеспечивающих доступ к информационной вселенной выступила библиотека КазГУ. Она же оказала и техническую поддержку проекту, закупив функционально полный комплекс оборудования для специализированного зала Интернета.

Удалось связать КазГУ со всем миром посредством Глобальной компьютерной сети Интернет. Это событие, несомненно, отразилось не всей работе университета. Поднялся уровень профессионализма в области преподавания и обмена информацией, вследствие налаживания более тесных контактов с ведущими университетами планеты. Повысилась заинтересованность студентов в учебе, работе над своей областью специализации, шире проявляется активность и готовность многих студентов в работе и функционировании Университета за счет обладания апдэйтовой информацией. Огромный скачок вверх наблюдается в области личного интереса студента. Одним из главных факторов здесь выступает возможность непосредственного общения в режиме реального времени с любой точкой земного шара; дружба и знакомства людей, живущих порой в разных уголках планеты, сказались положительно и помогают формированию новых критериев всепланетарного человека в системе общечеловеческих ценностей.

В настоящий момент ведется работа с различными фондами на получение грантов для расширения "Компьютерного зала", имеющего своей непосредственной целью помощь в обучении студентов, оказание таковой другим ВУЗам.

Университет готовит специалистов мирового масштаба и наша задача максимально облегчить и создать все условия студенту на пути к абсолютному профессионализму.

*Г.М.Мусагалиева,*
*инженер I категории*
*Научной библиотеки КазГУ.*



*Открытие компьютерного зала для работы в Интернете.*

# Бүгінгі қоғамға кітапхана қажет пе?

**Нарық экономикасының ауыртпалығы мәдениет ошақтарын да айналып өткен жоқ. Соңғы кездері көрме, музей, кинотеатрлармен бірге көптеген кітапханалардың жабылып қалғаны ақиқат. Кітапхана туралы бүгінгі қоғамдық пікірді білу мақсатында бірнеше адамға сауал тастап көрген едік. Қазір ешкім кітап оқымайды, кітапханаға бармайды, тіпті кітапхананың кереғі жоқ деуіміз бекер екен. Сауалнама барысында кітапхана туралы әркімнің өз пікірі бар екені анықталды. Ендеше, соларға сөз берелік.**

*1. Қалай ойлайсыз, қазір кітапхана керек пе?*

*2. Сіз кітапханаға барасыз ба? Соңғы кіруіңіз есіңізде ме?*

*3. Өзіңіз баратын кітапхана жұмысы сізді толық қанағаттандыра ма? Қанағаттандырмаса, кітапхананың қандай болғанын қалар едіңіз?*

***Алмат Игенбаев, оқушы:***

1. Менің ойымша, білімінді, ойынды терендету үшін кітапхана керек.

2. Мен "Ұстаздар үйінің" және №159 мектеп-гимназиянын кітапханасына барамын. Соңғы рет бір ай бұрын кіргенмін.

3. Әрине, қанағаттандырады.

***Бижан Құрманғалиқызы, ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің қызметкері:***

1. Кітапхана өте қажет. Тіпті әркімнің жеке басының кітапханасы болуы керек. Ол - өзіңнің рухани баюыңа қажетті нәрсе.

2. Керек кезінде барамын.

3. Толық қанағаттандырмайды. Ұлттық кітапханаға баруға, басқа жерден іздестіруге тура келеді. Бірақ оған уақыт бола бермейді.

***Нұргүл Марқасымова, мұғалім:***

1. Әрине, керек. Себебі, "Кітап - білім бұлағы" десек, сол кітаптың қайнар бастауы - кітапхана. Қазіргі кезде кітапхана ең қажетті мәдени орындардың санатында болуға тиіс.

2. Студент кезімде кітапханаға жиі баратынмын. Қазір оқушыларыммен бірге Сапарғали Бегалин атындағы республикалық балалар кітапханасына барып тұрамын. Ал мектеп кітапханасына күнде кіруге тура келеді.

3. Өзіміз барып жүрген кітапхана балаларыма да, өзіме де ұнайды. Біз ол жерден өзімізге керекті көп нәрсе табамыз. Білмегеніңді біліп, білгеніңді терендететін бірден-бір орын кітапхана деп білемін.

***Марат, жұмыссыз:***

1. Біреуге керек, біреуге керек емес. Онда кімнің қандай шаруасы бар?

2. Қасынан өткенім болмаса, ішіне кірген емеспін.

3. Маған бәрібір.

***Жалғас Сабырқызы, студент:***

1. Неге керек болмасқа?!

2. Әрине. Ұлттық кітапханаға аптасына 1-2 рет, университет кітапханасына уақыт болса, күнделікті кіруге тырысамын.

3. Қанағаттандырады. Қанағаттандырмайды дейтіндей диссертация жазып жатқан жоқпын.

Көпшілік пікіріне жүгінсек, кітапхана өте қажет, оның берері ұшан-теңіз. Кітапхана - рухани байлықтың қайнар көзі. Олай болса кітапханалардың жабылуына жол бермей, керісінше қамқоршы болып, ісінің көркеюіне жағдай жасауды мемлекеттің бір міндеті деп білеміз.

***Жұлдыз ӘБДІЛДӘ,***
***ҚазМУ-дің III курс студенті.***

Қазақ университеті

# Ұлт зиялылары кітаптану және кітапхана ісі қақында

Ұлт зиялыларының халқымыздың мәдени өмірін өркендету саласындағы еңбектері орасан зор. Қазақ мерзімді баспасөзінің библиографиясымен танысу барысында көрнекті қоғам қайраткерлері Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, І.Ахметов, тағы басқалардың кітапхана ісі, кітаптану саласында жазған біраз еңбектерінің бар екеніне куә болдық.

Ә.Бөкейханов 1913 жылы "Қазақ" газетінің 16 санында жарияланған "Кітапхана" атты мақаласында қазақ жұртшылығын Нью-Йорк қаласындағы кітапхана жұмысымен таныстырған. Бұл кітапханада қанша оқырман, қанша кітап қоры, оқырманға қалай қызмет көрсетілетіні туралы, көзі көрмейтін зағип адамдарға арналған кітаптар жайында мәліметтер береді. Әрине, көреген саясаткердің осындай мақала жазуы жайдан-жай емес, болашақ қазақ мемлекетінде өркениетті кітапхана болса деген тілектен туғандығы айдан анық.

Жаңадан шыққан кітаптарға мазмұнды шолу жасап, оқырманға таныстыруды библиограф мамандары тілінде ұсыныс библиографиясы деп атаймыз. Ә.Бөкейхановтың бұл салаға да қосқан үлесі комақты. Ол 1926 жылы 4-қарашада "Еңбекші қазақ" газетінде жарияланған "Кітап сыны" мақаласында Ж.Аймауытовтың "Қартқожа" романының басылып шығуына байланысты былай деп жазады: "Қартқожа" - маңызды кітап. Айтатынымыз - "Қартқожаны" хат танитын қазақтың оқуы керек, жастардың бәрі оқуы керек..." Мақаламен таныса келе оның құрылымы, баяндау тәртібі ұсыныстық библиографияның ережелеріне (библиографиялық сипаттау, мазмұнын ашу және оған баға беру, оқырманның қай тобына арналғанын көрсету) сай келетініне көз жеткіздік.

1915 жылы "Қазақ" газетінде басылған "Жаңа кітаптар" деген мақаласы туралы да соны айтуға болады. Онда "Записки Семипалатинского отдела Императорского Русского географического общества" кітабының 8-ші басылымындағы Е.Л.Михаэлиске арналған бөліміне шолу жасаған: "Бұл кітапта Михаэлис хаттары, жазған мақалалары бар. Бәрінде біздің қазақ жері, суы, жануары, Алтай, Тарбағатай тауларының ғұмырлары туралы ғылым жолы жазылған. Бұл кітапты біздің талапкер жастар алып оқуы дұрыс. Бұл кітаптан білімнен бөлек, ғылымның соны жолын байқауға болады" - деп жазады. Сөйтіп, жастардың оқу-білімге құштарлығын арттырудың бірден-бір жолы кітап арқылы тәрбиелеу екеніне басты назар аударады. Сонымен бірге орыс тілінде шыққан басылымнан қазақ еліне қатысты мәліметтерді іріктеп ала отырып, өлкетанушы міндетін орындаушы библиограф ретінде танылады.

1915 жылғы маусымда "Қазақ" газетінде "Жаңа кітап" айдарымен берілген мақаласында М.Дулатов баспадан шыққан Мәнен Тұрғанбайұлының "Пайғамбар заманы" атты кітабымен оқырманды таныстыра келе, қазақ жерінде кітап шығару, тарату мәселелсінің проблемаларын қозғайды. Мақалада автор: "Байлық пен білім бірдей керек. Соңғы жылдарда қазақ әдебиеті өрбіп, газет, журнал, кітаптар шыға бастады. Бірақ, бұлардың жүрісі шабан. Шабан болуының көрнеу бірнеше себептері бар..." - дей келе қазақ жерінде баспаханалар ашу керектігін, жұрт көп орналасқан жерде кітап саудасын ұйымдастыру арқылы қалың көпшілікке кітап жеткізу қажеттігін көкейтесті мәселелердің бірі ретінде алға тартады.

Қазақ жұртшылығына нақты библиография ғылымы жайлы түсінік беріп, оның қандай пайдасы бар екенін алғаш жазған зиялыларымыздың бірі - Ілияс Ахметов. Ол 1935 жылы "Ауыл мұғалімі" журналындағы "Библиография мәселелері жөнінен" атты мақаласында жалпы библиография ғылымы жайлы мағлұмат бере келе, қазақ библиографиясы саласының Қазан төңкерісінен бергі жетістіктеріне тоқталған. Ал, екінші бір туындысы - "Кітапхана" деген мақаласында ("Жаңа мектеп", 1930 ж., №6) қазақ жеріндегі кітап, кітапхана ісі, ондағы кітап қоры жайлы мәліметтер бар.

Ғасыр басында халқына аянбай қызмет еткен, ұлттық мұрат жолында өмірлерін қиған аяулы зиялыларымыздың кітапхана, кітаптану ісі туралы ой-тұжырымдарын бүгінгі зиялы қауым өкілдері жалғастыруда. Белгілі ғалым ағаларымыз М.Мырзахметов, Ш.Сарыбаев, Қ.Жарықбаевтар ғылыммен қатар ғылыми библиография құрастыру саласында да қызмет етуде. Тарихшы ғалым В.З.Галиев Қазақстандағы кітапхана ісі жайында көлемді монография жазды. Өзінің "Заман-Қазақстан" газетінде жарияланған мақаласында көрнекті ғалым ағамыз Р.Бердібаевтың кітапхана ісіне: "Әрбір халықтың мәдениетке жеткендігінің, кемелдікке келгенінің белгілі көрсеткіштері бар. Ұлттық театр, ұлттық академия, ұлттық кітапхана, энциклопедия сияқты қадау-қадау кеделі орындар болады. Соның ішінде кітапхананың орны өзгеше", - деп жоғары баға беруі бүгінгі таңда еліміз кітапханашыларының мәртебесін арттырып, жаңа істерге жетелейді.

**Г.С.ЖОРАБАЕВА,**
**К.С.ҚЫСТАУБАЕВА,**
**Ұлттық кітапхана мамандары.**

*Фото хабар*



***Евразия қоры өкілдері ҚазМУ-де қонақта. Олар табыс еткен экономикалық 1700 дана кітап университет студенттерінің игілігінде.***

*Наш экспресс-опрос*

# Ваше мнение о библиотеках?...

***В жизни каждого человека библиотеки и их содержимое - книги играют определенную роль. Их значение, конечно, нельзя переоценить. Для кого-то они существенная подмога в формировании мировоззрения, для другого - источник своего рода развлечений - гимнастики ума, а для иных - тайна за семью печатями, ведь ни для кого не секрет, что некоторые ни разу в своей жизни не переступали даже порога этих заведений... Это, конечно, прискорбно, но тут уж ничего не поделаешь...***

***С целью узнать мнение наших сограждан о библиотеках, мы провели небольшой мини-опрос на улицах нашей южной столицы. Представляем его на суд читателя:***

*Итак, вопрос: "Что значит в вашей жизни библиотека, книги?"*

*Наталья Р., студентка Современного Гуманитарного Университета:*

- В моей жизни библиотека не играет особой роли. Туда я хожу только тогда, когда пишу рефераты, курсовые и выполняю другие задания преподавателей. Вообще я считаю, что большинство читателей в наших библиотеках - это студенты.

*Е.Ф., пенсионерка:*

- Всю жизнь я проработала учительницей и в библиотеку я хожу, можно сказать, со школьной скамьи. Сначала для выполнения заданий, а потом уже для пополнения своего умственного багажа.

*Ирина, домохозяйка:*

- В библиотеку я ходила с детства. Моя мама работала библиотекарем и я любила после школы заглядывать на пару часов к ней на работу. В студенческие годы я почти все вечера проводила в библиотеках (особенно в Пушкинке), и сейчас, когда есть свободное время, я хожу в библиотеку.

*Анатолий, электрик:*

- Сейчас ходить по библиотекам нет времени. Ведь гоняешься за деньгами, ищешь что где дешевле купить из продуктов, из вещей...

*Ш.Рустам, подающий надежды молодой ученый:*

- Когда мне пришлось вплотную заняться наукой, библиотека стала для меня вторым пристанищем после дома. К сожалению, даже в нашей Национальной библиотеке нельзя найти всю литературу, выходящую на территории СНГ. Например, я не смог найти книгу Поля Рикера "Герменевтика", вышедшую в Москве в 1995 году 2-х тысячным тиражом. Это говорит о том, что в последнее время ослабли взаимосвязи между организациями-поставщиками книг и библиотеками, а может тут проблемы с финансированием...

Как мы убедились, мнения самые разные. Но радует, что из числа всех опрошенных равнодушных - всего один человек. Также нетрудно определить, что основные читатели нашего города - это студенты, а хотелось бы, чтобы контингент посетителей библиотек был шире...

В XXI век мы вступаем во всеоружии - с новинками типа компьютеров, Интернета, кино, телевидения... Невольно задумываешься "А нужны ли для будущих поколений библиотеки, добрые, старые книги?" Все наши респонденты ответили на этот вопрос очень солидарно и однозначно: "Нужны!"

***Экспресс-опрос провела Анна КОСТЮК, студентка 3-го курса факультета журналистики.***

# Объединенными усилиями

Значительное место в информационном и библиотечном обслуживании жителей г.Алматы занимает Центральная библиотечная система (ЦБС), имеющая универсальный книжный фонд, доступный всем социальным и возрастным категориям населения - дошкольникам и пенсионерам, рабочим и ученым, работникам гос. учреждений и домохозяйкам. Многолетний опыт работы библиотек ЦБС доказал целесообразность дифференцированного подхода к работе с читателями. В наших библиотеках основными группами являются: читающие на казахском языке и интересующиеся историей Казахстана, юношество, пенсионеры и группы по интересам. Обслуживание читателей ведется с учетом информационных, образовательных и культурных потребностей данных групп.

Преобразования, происходящие в обществе, коснулись и ЦБС. Так, за 2 года она сократилась вдвое и в данное время представлена 25 структурными подразделениями. Обслуживание взрослого населения осуществляют: Центральная городская библиотека им. А.П.Чехова и 14 массовых библиотек, в том числе юношеская. Детей обслуживают: Центральная городская детская библиотека им. И.А.Крылова и 9 детских библиотек.

Несомненным лидером всех начинаний в ЦБС является Центральная городская библиотека им. А.П.Чехова, основанная в 1931 году. Ее хорошо знают и любят жители города. Читателей привлекает доступность, бесплатность, качество выполнения заказов, универсальный, хорошо укомплектованный книжный фонд, относительно комфортные условия, удобное географическое расположение.

Не остается без внимания библиотек детское и подростковое население города. Детские библиотеки возглавляет ЦГДБ им. Крылова. Это старейшая библиотека, основанная в 1936 году. Она является учебной базой для школьных библиотекарей, поддерживает тесные связи с колледжами, лицеями, гимназиями, способствует закреплению знаний, полученных учащимися, осуществляет их дополнительное образование и организует досуг. Здесь функционируют 2 любительских объединения для учащиеся 1-4 классов "Школа вежливых наук" и для учащихся 5-9 классов "Атамура". Немало интересных конкурсов, викторин, встреч проводится в рамках этих объединений. Особо запомнился ребятам праздник "Ғасырлар тоғысындағы Қазақстан", посвященный году народного единства и национальной истории. Всех глубоко взволновали слова гостей Г.К.Бельгера, Е.Зикибаева, Б.Аяганова о родной земле, о дружбе народов, живущих на ней, об обычаях и традициях предков.

Одним их главных направлений работы библиотеки №38 является воспитание казахстанского патриотизма. Посредством литературы детям прививается любовь к Родине, краю, к родной природе, к истории Казахской земли, к людям, живущим на ней, детей знакомят с государственной символикой: гербом, гимном, флагом. Частые участники мероприятии библиотеки - учащиеся военной школы-интерната им. Б.Момышулы. В мае ребята встретились с замечательным писателем, фронтовиком - Касымом Кайсеновым. Много интересного, поучительного о нелегкой военной поре узнали ребята из его рассказов.

Давние творческие связи у библиотеки №4 с Национальной гвардией "Улан". Мероприятия проводятся как в стенах библиотеки, так и в Национальной гвардии. В апреле в клубе гвардии был проведен конкурс-шоу "Бозбала мен бойжеткен". В конкурсе приняли участие войны-гвардейцы и студентки филологического факультета КазГосЖенПИ. Участники конкурса показали прекрасные знания истории казахстана, традиций и обычаев казахов, артистично исполнили сценки из студенческой жизни.

Главной задачей библиотек ЦБС г.Алматы сегодня является сохранение информационной, образовательной и культурно-просветительной функции.

**К.Н.АБИРОВА,**
***директор ЦБС г. Алматы.***

# Жасөспірімдердің рухани ордасы

Жамбыл атындағы Мемлекеттік республикалық жасөспірімдер кітапханасының оқырмандар игілігіне пайдалануға берілгеніне жиырма жылдан асып кетті. Ол 1976 жылы қазан айында Қазақстан үкіметінің қаулысымен ашылған болатын. Кітапханамыз мәдени-ағартушылық, ақпараттық және білім беру ордасы ретінде он бес пен жиырма бір жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған. Сонымен қатар, тікелей балалар тәрбиесімен айналысатын басқа да оқырмандар категориясын кітаппен қамтамасыз етеміз.



*Халық әртісі Р.Бағланова кітапхана оқырмандарының ортасында.*

Оқырмандарымыздың негізгі бөлігін қашан да арнаулы орта және жоғары оқу орындарының студенттері құрайды. Олардың саны әсіресе соңғы жылдары едәуір артты. 1997 жылы кітапхананызды 7500 студент пайдаланған екен. Бұл көрсеткіш - біздің барлық оқырмандарымыздың 42 пайызы. Оның 29 пайызы - жоғары оқу орындарының студенттері.

Кітапхана қызметкерлері оқырмандардың сұраныстарына өте сергек қарайды. Әр түрлі қажетті кітаптарын тез арада тауып беруге тырысады. Біздің кітапхананың мерзімді басылымдар қоры да өте бай. Нақты айтсақ, биылғы жылы негізінен Қазақстан мен Ресейде жарық көретін 116 журнал, 76 газет жаздырып алып тұрмыз.

Бұдан басқа бірнеше жылғы еңбек пен ізденістің нәтижесінде жасақталған анықтамалық аппаратын оқырмандарымыз өз игіліктеріне асқан ілтипатпен пайдалануда. Кітапханамыздың оқу залы, абонемент, мерзімді басылымдар және өнер тақырыбы бойынша әдебиеттер секторы секілді бөлімдерінің есігі оқырмандарымыз үшін қашан да ашық. Жақында "Экономика С" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атсалысуымен біздің кітапханамыздың ішінен кітаптарды төменгі бағамен сатып алатын дүкен ашылды. Аталмыш серіктестік Қазақстан кітап саудасы мекемелерімен тығыз байланыста.

Әлеуметтік талдаудың нәтижелері көрсеткендей, оқырмандардың 80 пайызы кітапханамызға көбіне оқу бағдарламалар бойынша тапсырмаларды орындау үшін келеді екен. Жасөспірімдердің, әсіресе студенттердің сұраныстары күн санап күрделену үстінде. Әсіресе, энциклопедиялық сипаттағы анықтамалық кітаптарға сұраныс артып келеді. Сол себепті де кітапханамыздың жалпы қорында 230 мың дана кітап болса, соның 5 мың данасын анықтамалық қор әдебиеттері құрайды.

Кітапханамыз сонымен қатар оқырмандардың білім дәрежесін көтерулеріне дәнекер болуда. Жыл сайын біздің кітапхананың құрасты-руымен қазақ және орыс тілдерінде библиографиялық көрсеткіштер шығып тұрады. Соңғы жылдары "Қазақстан тарихын оқып үйренушілерге көмек" және "Қазақ өнері" деген сериялары жарық көрді. Бұлардың оқырмандардың білім деңгейін көтеруге көмегі мол.

Әрине, қазіргі нарық жағдайында бізде "бәрі тамаша" дей алмаймыз, қиыншылықтар да, шешімін күтіп тұрған мәселелер де баршылық. Алайда, кітапхана қызметкерлері өздерінің басты да рухани міндеті - жастарды білімге ынталандыру, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу екендігін еш уақытта естен шығармайды.

***Ж.АБУЗАРОВА,***
***кітапхана директоры.***

# "Мамандарымыз жұмыссыз қалмайды..."

**Республика кітапханашыларының II-съезі осынау мәртебелі мамандық иегерлерін дайындайтын іргелі оқу орындарының бірі - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының тарих және кітапхана факультетінің қызметкерлеріне де тікелей қатысты. Осы орайда газет тілшісі Гүлжан Ескендір аталмыш оқу орнының кітапханатану және библиография кафедрасының меңгерушісі, доцент К.Г.Нұрахметоваға жолығып, сұхбаттасқан еді.**

*Г.Е.:* Факультеттің тарихына аз-кем тоқталып өтсеңіз.

*К.Н.:* Факультетіміз алғашында кітапхана бөлімі болып 1956 жылы филология факультетінің жанынан ашылған еді. Кейін өз алдына жеке отау тігіп, қайта құрылды. Факультетіміздің кітапханатану және библиография кафедралары бүгінгі заман қиыншылығы салдарынан, дәлірек айтсақ, студенттер мен оқытушылар санының қысқаруына байланысты бірігіп бір кафедраға айналды. Бұрындары 50-100 адамға дейін қабылданса, қазірде жыл сайын күндізгі бөлімге 20, ал сырттқы бөлімге 10 адам ғана қабылданады.

*Г.Е.:* Кітапханашы мамандығын таңдағандарға қандай талап қояр едіңіз?

*К.Н.:* Қағазсыз информатиканың пайда болуына орай кәсіби кітапханашылар нарықтың категориялары мен заңдарын терең меңгеруі тиіс. Мұндай талапқа сай болуы үшін студенттерімізге мынадай пәндерден дәріс оқылады: экономика және хұқық, кітапхана ісіндегі менеджмент, кітапхана ісіндегі маркетинг, жарнама және тағы басқалар. Сөз орайында айта кетейік, биылғы жылдың тамыз айында факультетіміз "Сорос-Қазақстан" қоры ұйымдастырған "Интернет және электронды почта" сайысына қатысып, оның грантын жеңіп алды, екі бірдей компьютерге ие болды. Бұл жеңісіміз факультетіміздің оқу процесіндегі жаңа информациялық технологияға көшуіне мүмкіндік жасап отыр. Осы компьютерлер арқылы студенттеріміздің компьютерлік білімді меңгеруіне дәнекер болып жатырмыз.

Қазіргі уақыттың, заманның талабына сай кітапханашылар "Интернет" ақпараттық жүйесімен жұмыс істейді. Сондықтан ақпараттық жүйеден хабардар болуы керек. Компьютерді меңгеруі тиіс.

*Г.Е.:* Кітапханашылар дайындауда қандай проблемалар кездесіп жатыр?

*К.Н.:* Кітапхана факультетіне түсушілер санының түрлі себептерге байланысты азайып кетуі негізгі проблема болып отыр. Бұл бүгінде барлық жоғары оқу орындарының басындағы жай деп білемін.

*Г.Е.:* Студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруларына ықпал жасайсыздар ма?

*К.Н.:* Тек қана теориялық әдіспен шектеліп жоғары білімді маман дайындау мүмкін емес. Студенттер жүйелі түрде өндірістік тәжірибеден өтіп тұрады. Бұл мәселеде көбіне Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Ұлттық Ғылым Академиясының кітапханасы, көпшілік, арнаулы және жоғары оқу орындарының кітапханаларының көмегі зор. Аталған кітапханалардың қызметкерлері студенттеріміздің мамандықтың қыры мен сырын меңгерулері үшін тер төгуден жалыққан емес. Өзіміздің институтымыздың кітапханасы да студенттердің лабораториялық және практикалық сабақтарын өткізетін орталыққа айналды. Мұнда кітапхана қызметкерлері студенттердің көпшілікпен жұмыс істеуді ұйымдастыру әдістерін меңгеруіне жәрдемдеседі.

*Г.Е.:* Түлектеріңіздің жұмысқа орналасып кетуіне дәнекер бола аласыздар ма?

*К.Н.:* Студенттер өздері қалаған жерінен жұмыс тауып, шақыру қағазын алып келеді. Өзімізге де кітапханалардан және Мәдениет комитетінің кітапхана бөлімінен сұраныстар түседі. Қысқасы, мамандарымыз жұмыссыз қалмайды. Осы уақытқа дейін жұмысқа орналаса алмай, қалған түлектеріміз болған емес.

*Г.Е.:* Съезде қандай мәселенің сөз болып, шешім тапқанын қалайсыз?

*К.Н.:* Кітапхана туралы заңның жобасы "Кітапханашы" журналында жарияланған болатын. Сол мәселенің осы съезде дұрыс шешілуін қалаймын.

*Г.Е.:* Әңгімеңізге рахмет!

**Интересные люди рядом**

# Хранительница знаний

**(Очерк)**

Когда Мария Серикkановна в 1963 году закончила филологический факультет Женского педагогического института и стала преподавательницей казахского языка и литературы, то не думала не гадала, что призвание у нее совсем другое и в конце концов она не станет учительницей, а библиотекарем, а самое интересное - всей душой полюбит эту профессию.

. Ей тогда казалось, что библиотекарь - это что-то вроде Чеховского "человека в футляре", "книжного червя", который постоянно сидит в тишине, в архивной пыли, среди старых книг и мало с кем общается. Ей тогда казалось, что эта профессия сродни со стоячим болотом, жизнь ее обходит стороной и было ей невдомек, что библиотекарь в течение одного дня может общаться с сотнями, а то и тысячами людей, среди которых можно встретить и простого рабочего и академика...

В ошибочности своего мнения она убедилась начав работать. Жизнь распорядилась по-своему - после рождения троих детей понадобилось время на их воспитание, затем не было работы по специальности, да и педагогический стаж прервался, и Мария Серикkановна устроилось на работу в научной библиотеке Казахского Государственного университета, тогда еще имени Кирова. И вот тут она ни много ни мало проработала 28 лет. Это жизнь нескольких поколений, многие ее читатели стали известными на весь мир учеными, прекрасными специалистами в своей области. Огромное количество студентов получили за эти годы, с подачи Марии Серикkановны, знания, а скольким она помогла в духовном плане, сама не подозревая об этом и не зная она тогда, насколько важна и необходима ее работа людям. И многие, которые с ее помощью обретали знания, тоже не до конца осозновали роли в своей жизни этой хрупкой, нежной, всегда вежливой и отзывчивой женщины...

Да, мы в своей повседневной жизни, в сутолоке недоделанного мало задумываемся, что значат для нас зачастую незаметные услуги, оказываемые ежеминутно, ежесекундно в магазинах, транспорте, на почте, в библиотеке...

А ведь эти люди, по характеру своей профессии, обеспечивают нас с вами прекрасным душевным настроем, равновесием, одаривают одухотворенностью, именно они помогают почувствовать комфортность окружающего мира, ощутить и осознать радость бытия. Именно от общения с прекрасными людьми, начинаешь ждать от каждого мига жизни чего-то необычного, неповторимого...

Удивительно, Мария Серикkанов-на помнит каждую книгу, знает обложку каждой из них, и даже ощущает их весомость в духовном плане. Для нее книга - это живое существо. Легко ориентируясь среди 500 тысяч книг, она помогает молодым коллегам адаптироваться в этой



(Начало. Продолжение на 9 стр.)

# Ақыл-ойдың айнасы

"Кітап - жан азығы" деген қанатты сөз тегін айтылмаса керек. Адамзат өркениетінің бүгінгі халге жетуіне ұлы мәртебелі Кітаптың сіңірген еңбегі орасан зор екендігі ақиқат. Өйткені бүкіл әдебиет пен өнердің әсем жауһарлары да, ғылым мен білімнің ғажайып інжу-маржаны да сол кітапта. Ал кітапханалары аса бай шаһарлардың аты тарихта алтын әріппен жазылғандығын еске алсақ, көп нәрсені аңғаруға болар. Алысқа бармай-ақ, өз жеріміздегі үлкен кітапханасымен дүниеге мәшһүр болған Фараб қаласының өзі алдыңғы сөзімізді жандандыра түседі.

Кітап оқыған адам өзінің жан сарайын жаңа біліммен толықтырады. Сананы тың ойлармен қуаттандырады. Кітап - адам жанын байытатын құрал ғана емес, сонымен қатар - ойшылдар мен ғалымдар, ақындар мен жазушылар жанының айнасы десек те қателеспеспіз. Дәл осы орайда 1608-1674 жылдары өмір сүрген ағылшын ақыны Дж.Мильтонның мына бір сөзін жадымызда қайта жаңғыртсақ артық болмас: "книги заключают в себе источник жизни столь же деятельной, как и душа, от которой они происходят. Скажу более: они сохраняют, как в фиале, чистейший экстракт того живого разума, который их родил..."

Сонымен, әрбір кітап - сол шығарма авторының ақыл-ойын айна-қатесіз ұрпақтан ұрпаққа жеткізерлік құдіретті күшке ие. Кітап сонысымен қастерлі. Ал сондай кітаптардың басын қосып, оқырман алдына жайып салатын кітапхананың қоғамдағы ролін түсіндіріп жату артық та болар.

Сонау ғасыр басында қазақ зиялылары халықты жаппай сауаттандыру ісіне кіріскен кезде жоғары мәртебелі "Кітапқа" тағы бір жүгінген кезі болды. Бір ғана мысал. Алты алаштың ақыл-ойын әлемге әйгілеген ұлы Әуезов өзінің 20 жасқа толар-толмас шағында, 1917 жылы Семейде шыққан "Сарыарқа" газетінде жариялаған "Оқу ісі" атты мақаласында халықты сауаттандыру мақсатында елді мекендерде кітапханаларды көптеп ашу керектігіне баса назар аударған.

Құдайға шүкір. Еліміз тәуелсіздік тізгінін қолына алған бүгінгі таңда кітапханалар көптеп саналады. Өкінішке орай, әсіресе ауылды жерлердегі кейбір кітапханалардың жабылып қалып жатқандығына жан ауырады.

Өз бастамасын 1910 жылы құрылған Л.Н.Толстой атындағы Верный қалалық кітапханасынан алатын Республикалық Орталық Ұлттық кітапханамыздың жөні бір бөлек. Ал өзіміз оқып, білім алған, қазір еңбек етіп жүрген ҚазМУ ғылыми кітапханасы жүрекке ыстық көрінеді.

"КазГУ... бұл - мен үшін атамның атынан кейінгі ыстық атау. Осы сөз не көзіме түссе, не құлағыма тисе болғаны, жүрегім елжіреп, көкірегім күйге толып қоя береді" - деп жазыпты академик жазушы Зейнолла Қабдолов өзінің "Әуезов" атты кітабында. Зекеңнің осы сөзі ҚазМУ-ден түлеп ұшқан әрбір жастың көкірегіне ұя салып, сүйікті оқу ордасына деген құрмет пен ыстық ықыласты байқатып тұрарлық сөзге айналса керек. Сондықтан да болар ҚазМУ кітапханасының жөні бөлек. Қазіргі күндегі ҚазМУ кітапханасы жыл санап байып, өркениет көшіне ілесіп келе жатқандығын айтуымыз қажет. Әрбір факультеттегі оқу залдары, диссертациялық зал, тіркеу-реттеу бөлімдері оған айқын дәлел.

Ал ғылыми кітапхананың бүкіл жұмысы оқу процесімен тығыз байланыста екендігі өз-өзінен түсінікті. Мәселен, біздің журналистика факультетінде оқитын студенттердің кітапханада көп әзірленетіндігінің куәсі болып жүрміз. Әрбір пән бойынша берілетін негізгі және қосымша әдебиеттерді тауып, конспект жасау - бұл істің бір саласы ғана.

Журналистиканың өзі қоғамдық өмірдің барлық сферасын қамтитындықтан, болашақ қаламгер жан-жақты болуы керек. "Журналист - энциклопедиялық білім иесі болуы қажет", - деген қалыптасқан қағиданы студенттердің есіне сала отырып, олардың өз бетінше әр түрлі салада тиянақты ізденіп немесе өз бейімділігіне орай бір тақырып төңірегінде білім алуына жөн сілтейміз.

Журналистика күн сайын өзгеріп отыратынын, уақыт өткен сайын маманға жаңа талаптар қойылатынын ескере отырып, күнделікті газет-журналдармен, олардың айдарларымен, түрлі тақырыпта жарияланған мақалалармен танысу үшін де студент кітапхананың мерзімді баспасөз қоржынына қол салады.

Ал университетіміздің "Интернет" жүйесіне қосылып, біздің кітапханада әлемнің түкпір-түкпірінен ақпар алуға жол ашылғандығы болашақ журналистерді ерекше қызықтырып отыр. Жер шарының кез-келген нүктесіндегі қажетті кітапты, керекті деректер мен мәлімет-терді "Интернет" жүйесі арқылы алу мүмкіндігі туатын күн де алыс емес. Біздің кітапхана-мыздың республикадағы алғашқылардың бірі болып әлемдік ақпарат жүйесіне қосылуы - университетте дәріс алатын әрбір жас үшін үлкен мәртебе.

**Бауыржан ЖАҚЫП,**
*ҚазМУ-дің журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының меңгерушісі, доцент.*

**Фото хабар**




**Сорос сыйлаған кітаптар көрмесі - ҚазМУ кітапханашылары еңбегінің жемісі.**

# Хранительница знаний

(Продолжение. Начало на 8стр.)

нелегкой профессии.

Коллега Марии - апай - тоже одна из лучших библиотекарей Карагоз Умирзаковна Сегизбаева с большим уважением отзывается о ней:

- Мария Сериккановна - отличный работник. Знает и любит свою работу. Она настолько к ней привязана, что невыход на работу для нее ЧП. Мне очень повезло, что тружусь рядом с таким прекрасным, отзывчивым, чутким человеком.

Марию Сериккановну любят и ценят не только старшие коллеги, но и молодые специалисты. Они учатся у нее нелегкому, скрупулезному, даже порой педантичному труду книговеда, перенимают ее опыт. Жазира Бекеновна Кожабергенова тепло с улыбкой говорит о старшей коллеге:

- Марию Сериккановну я знаю уже три года. Для нас она пример не только в работе, но и в семейной жизни. У нее прекрасная семья, дети, а сама она очень отзывчивая, во всем поможет, поддержит в трудности, всегда на нее можно положиться.

Сама Мария Сериккановна признается, что связана с книгами какими-то незримыми узлами, они для нее как дети, нуждаются в ласке, бережном отношении. И ей совсем непонятно, как это некоторые не выдерживают на этой работе и уходят... Ведь на самом деле, именно в этих книгах заключены, зафиксированы душевные переживания людей, их опыт, все события, происшедшие не только на нашей планете, но и во Вселенной. И, по ее мнению, приобщаясь к этому океану духовности, отдыхаешь душой.

- Мне нравятся те студенты, которые очень бережно относятся к книгам, - говорит Мария-апай,- но, к сожалению, встречаются и безалаберные. Но в любом случае стараюсь не выходить за рамки вежливости, ведь другое поведение несовместимо с характером хранителя знаний, не правда ли?

Тут она надолго замолкает. Да и вообще по своей натуре она очень молчалива, немногословна и каждое признание нам приходится почти силой "вытягивать" из нее. Ее слова заставляют задумываться, будоражат душу. Действительно, библиотекарь - это хранитель знаний. Согласитесь, очень почетная миссия.

А еще заслуживает уважения то, что Мария-апай чувствует себя не просто пассивной хранительницей, а активным участником, помогающим другим обретать знания, лично приобщая их как к прошлому опыту человечества, так и помогая ориентироваться в современном океане информации, помогая им подготовиться к будущим свершениям.

Самая любимая книга Марии апай - "Американская трагедия" Теодора Драйзера. Ей нравятся тихие и спокойные героини этой книги, чуткие душой, ранимые, но сама она сильна духом и всегда готова к борьбе с трудностями. Ведь для того, чтобы так сильно любить свою профессию и служить ей верой и правдой столько лет, надо обладать поистине сильным и твердым характером.

Быть хранительницей знаний - нелегкое, но почетное дело. За это и уважают Марию Сериккановну Молтабарову ее знакомые, друзья, коллеги, студенты и преподаватели. И потому для нее каждый новый день в радость.

**Назым ЕСКУАТОВА,**
**Айнур КАРГАЛИНОВА,**
*студентки 3-го курса факультета журналистики.*

# НА ГЕОГРАФИЧЕСКОМ - ЮБИЛЕЙ!



*Александр Антонович Науменко - почвовед и физико-географ, выпускник географического факультета КазГУ. Область его научных интересов - исследования антропогенных изменений степных почв Казахстана, экологические проблемы охраны природы и мелиора-ции. Для студентов читает два крупных университетских курса “География почв с основами почвоведения” и “География с основами экологии”, а в магистратуре - спецкурсы “Мелиоративная география” и “Земельный кадастр”. Имеет более 100 публикаций. Среди них - монографии “Антропогенез физического режима темно-каштановых почв Северного Казахстана” (1992). “Эрозия Заилийского Алатау” (1998, соав. и ред) и другие труды уникального характера.*

*Вашему вниманию, дорогой читатель, предлагается небольшая статья Александра Антоновича о факультете-юбиляре.*

***

В дни праздника - 50-летнего юбилея географического факультета - мне, его выпускнику, особенно приятно видеть родной факультет, наших ученых и преподавателей в расцвете своих творчес-ких сил и творческого подъема. С праздником Вас, дорогие коллеги и друзья! Здоровья Вам и успехов!

В самом деле, к своему 50-летию факультет подошел с довольно солидным багажом научных достижений, которые были наглядно продемонстри-рованы на состоявшейся у нас 16-18 сентября Республиканской научной конференции “Устойчивость, антропогенная трансформация и оптимизация природной среды Казахстана”. Кроме казахстанцев, в ее работе принимали участие ученые России, Узбекистана, Кыргызстана и др. стран СНГ.

Только за последние два года нашими сотрудниками защищено 5 докторских и 4 кандидатских диссертации. Подготовлено к защите еще 5 диссертаций - 3 докторских и 2 кандидатских. В самое ближайшее время должна состояться их защита.

Важнейшим показателем уровня развития науки, безусловно, является количество научных публикации. Если в последние годы у нас обычно

*(Начало. Продолжение на 12 стр.)*

*Наши юбиляры*

## Факультет добрых надежд

Свой полувековой юбилей географический факультет встречает в самом расцвете творческих сил коллектива и в смелых устремлениях в области научных изысканий. Недаром он славится своими талантливыми студентами и сильным профессорско-преподавательским составом.

Географический (вначале геолого-географический) факультет КазГУ был образован в 1948 году. Первым его деканом, внесшим серьезный вклад в дело подготовки научных, педагогических и инженерных кадров, был В.Н.Евцихевич. Затем в разные годы факультет возглавляли К.Н.Ержанов, А.А.Глаголев, М.Ж.Жандаев, А.В.Попов, А.В.Чигаркин, А.А.Турсунов, М.Ж.Жапбасбаев, М.К.Мукитанов, М.Х.Сарсенбаев. С 1996 года факультетом руководит професор В.М.Болдырев.

В настоящее время географический факультет КазГУ имени аль-Фараби - крупнейший в стране научно-педагогический коллектив виднейших географов. Здесь трудятся 2 академика, 15 профессоров - докторов наук, более 30 доцентов-кандидатов наук. На факультете имеются семь кафедр, агробиогеостанция, функционируют два диссертационного Совета, принимающие к защите диссертации по ряду географических специальностей. Факультет имеет свой научный печатный орган - “Вестник КазГУ. Серия географическая”, библиотеку, читальный зал, геологический музей, географические и компьютерные кабинеты, постоянно действует межкафедральный методологический семинар “Устойчивость, оптимизация и антропогенная трансформация геосистем Казахстана”.

На факультете не только готовят инженерные, педагогические кадры, но и активно занимаются научными изысканиями. Например, профессор К.Н.Ержанов открыл в свое время месторождения корунда, андалузита и алунита. Ученые и преподаватели факультета неоднократно организовали экспедиции на Рудный Алтай, Центральный и Северный Казахстан, низовья Сырдарьи, Прибалхашья и др. регионы Республики.

Также в разные годы на факультете трудились известные ученые: профессор В.А.Соколов, доцент К.З.Старикова, доцент П.П.Зотов, П.А.Куликов и другие. Например, В.А.Соколов - крупнейший минералог, петрограф и геохимик - открыл крупнейшие месторождения ванадиевых, молибденовых, медно-полиметаллических и бокситовых руд. В 1946 году Соколову за открытие ванадиевых месторождений была присвоена Государственная премия СССР.

Профессора Г.Г.Муравлева студенты в шутку называли “Царем озер Казахстана”, недаром главным увлечением ученого были крупнейшие водоемы Республики, исследования, которых отражены в его трудах. Профессором М.Ж.Жандаевым изучена геоморфология Заилийского Алатау. Проблемами экономической географии Республики занимался профессор Б.Я.Двоскин, широко известны его работы по экономическому районированию.

Студенты прошлых лет с гордостью отзываются о таких преподавателях, как М.Р.Плоткин, Е.Е.Конобрицкая, А.С.Тихомиров, К.З.Стариков, П.П.Зотов, Т.В.Петрова, и других. Выпускники факультета с большой теплотой вспоминают профессоров А.Я.Березина и А.С.Абдрахимова, отдавших свои знания, душ для подготовки замечательных специалистов.

В настоящее время семь кафедр факультета готовят специалистов по следующим направлениям: географов-преподавателей, инженеров-синоптиков, инженеров-гидрологов, инженеров по охране окружающей среды, специалистов по туризму и маркетингу, а с нынешнего года - специалистов по новой специальности - “картография”.

Неоценима заслуга факультета в сфере сотрудничества со структурами народного хозяйства страны, с Академией наук Республики Казахстан, с Институтом почвоведения, с различными министерствами и НПО. Изучение и оценка ландшафтов и почв различных регионов страны, определение балла-бонитета угодий отдельных хозяйств, разных областей и др. Широко представлены исследования в области метереологии и гидрологии - вот неполный перечень практической деятельности факультета...

Ежегодно сотни выпускников факультета направляются в различные структуры народного хозяйства страны, а лучшие из лучших остаются для дальнейшего совершенствования своих знаний в магистратуре. И радует, что из них со временем, несомненно, выйдут замечательные ученые-преподаватели. И где бы ни работали бывшие студенты факультета, они сполна отдадут родной стране знания, полученные в стенах университета, недаром географы считаются питомцами факультета добрых надежд и реальных свершений.

***Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВА.***

# Елу жас - өмірдің шаңқай түсі

*Университетіміздің қабырғалы азаматтарының бірі, көрнекті ғалым, мемлекеттік сыйлықтың иегері, жастардың жанашыр ұстазы, механика-математика факультетінің деканы Нарғозы Тұрсынбайұлы Данаев 50 жасқа толып отыр. Осы орайда, газет редакторы Қайрат Өмірбайұлы мерейтой иесіне жолығып, оқырмандар атынан бірнеше сауалға жауап беруін өтініп еді. Сол сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.*



*3 сентября 1998 года исполнилось 50 лет известному ученому, специалисту в области вычислительной математики, лауреату Государственной премии РК в области науки, техники и образования, доктору физико-математических наук* ***Наргозы Турсынбаевичу ДАНАЕВУ.***

*Наргозы Турсынбаевич является автором более 50 научных трудов; им подготовлены 6 кандидатов наук. За большие заслуги в развитии математической науки и подготовке кадров в 1994 году он удостоен звания лауреата Государственной премии РК в области науки, техники и образования.*

*С 1983 года его жизнь неразрывно связана с механико-математическим факультетом КазГУ имени аль-Фараби.*

*Организаторский талант Н.Т.Данаева наиболее полно раскрывается с изобретением его деканом механико-математического факультета КазГУ в 1997 году. За короткий период он сделал большой вклад в организацию учебного и научного процесса и благоустройство факультета.*

**- Аса құрметті Нарғозы мырза Тұрсынбайұлы, ердің жасы елуге толған мерейтойыңызбен газетіміздің ақылдастар алқасы мен редакция ұжымы шын жүректен құттықтайды және Сізге алдағы уақытта да табиғат тарту еткен зор денсаулығыңыздың арқасында асу бермес биік мұзартаулардан көріне беруіңізге тілектестік білдіреді.**

- Алла разы болсын! Айтқандарыңыз періштенің құлағына шалынсын!

**- Әңгімені әуелі өмірбақи жадыңыздан шықпайтын өміріңіздің әсерлі бір сәтін еске түсіруден бастасаңыз.**

- Тосын да толғандыратын сұрақ екен... Ондай кездер өмірде көп қой. Соның біреуін айтсам айтып берейін.

1966 жыл болатын. Мектепті күміс медальға тәмамдап, МГУ-дің математика факультетіне оқуға түспек болып, жолға жиналдым. Ауылдан ұзап шықпаған кезім. Көргенімнің бәрі мен үшін таңсық та қызық. Әсіресе, Жамбыл қаласынан поезға отырған кездегі қуанышымда шек жоқ еді.

Ол кезде жолаушы көп пе, әлде поез аз ба, әйтеуір билет деген оңайшылықпен қолға түсе қоймайтын. Сондықтан поезға міну қияметтің қайымы, ілуде біреудің ғана қолы жететін арман болатын. Есімнен шықпайтыны, сол жолы Жамбыл бекетінен поезға отырған жалғыз мен болдым десем, сенесіз бе, сенбейсіз бе?!

Поезға алғаш мініп тұрғаным, оның үстіне, жаңағыдай қиындықтармен қалың жолаушының ішінен жалғыз жолым болғаны тағы бар, көңіл шіркін шарықтап, көкке бір-ақ көтеріліп еді сол жолы. Вагонда ине шаншар бос орын жоқ. Әупіріммен жүріп үшінші қабатқа көтеріліп, іші кітапқа толы қызыл чемоданым бар болатын, соны басыма жастанып жатып, рахат бір шаттық сезімді бастан кешкенім бар-тұғын. Сөзбен айтып жеткізгісіз сол бір әсерлі сәт көңілімде өшпестей із қалдырып, хатталып қалыпты, әр кез есіме алып жүремін...

**- Сонымен Мәскеу бардыңыз. Оқуға түсіп кеттіңіз бе, жоқ әлде жолыңыз болмай, ауылыңызға олжасыз қайта оралдыңыз ба?**

- Ол сапардың өзі ұзақ хикая ғой. Қысқартып айтсам, емтиханнан өте алмадым. Бірақ, сіз айтқандай, олжасыз да оралған жоқпын. Жолда көргендерім мен Мәскеуде жүріп көңілге түйгендерім мені көп есейтіп тастады. Мектепті үздіктер қатарында тәмамдап, білімім асып-тасып, қиялым көкті шарлаған жастықтың лепірме жалыны ол жақта су сепкендей басылып, сабасына түсті. Білгенімнен білмейтінім көп екендігіне көзім жетті. Оның үстіне, ауылдан барған баламын, орысшам нан сұрап жеп, жол тауып жүруге ғана жарады. Емтиханның жазбаша түрінен өтсем де, ауызшасынан құлап қалуымның басты себебі де сол болды. Орысша тіл білу қажеттігін көңіліме мықтап түйіп қайттым, математикадан білімімді жетілдіру керек екенін де түсіндім. Мұны сол сапардан қанжығама байлап қайтқан олжам деп білемін.

**- 50 жылдық мерейтойыңызға арнап шығарылған өмірбаяндық кітапшадан 1967 жылы ҚазМУ-дің механика-математика факультетіне оқуға түскеніңізден хабардармыз. Ал соған дейінгі бір жыл уақытыңыз қайда, қалай өтті?**

- Ауылға келгеннен кейін әкемнің ақылымен Қаратау қаласында ашылған политехникалық институтқа құжатымды тапсырып, құрылысшы мамандығы бойынша 1 курстың кешкі бөліміне оқуға қабылдандым. Күндіз жұмыс істеп, кешке оқып жүріп, үш айдың ішінде IY разрядты тас қалаушы және ағаш ұста маманы болып шыға келдім. Табыс жаман емес, оқу күшті, озат студентпін. Сондай сәтті күннің бірінде математикадан дәріс беретін Сембин деген ағай бар еді, сол кісі шақырып алып: "Нарғозы, шыныңды айтшы, сен осы біздің институтты бітіретін ойың бар ма? Математикаға бейімің күшті, егер тереңірек білгің келсе, ҚазМУ-дің математика факультетіне бар" - деп ақыл қосты. Оны химия пәнінің оқытушысы да қоштады. Өзім де іштей математик болсам ғой деп армандап жүретінмін, оған ұстаздарымның жаңағыдай кеңестері қамшы болды да, өз өтінішіммен шұғыл оқудан шығып, келесі жылы осында келіп оқуға қабылдандым. Одан кейінгісін әлгі өзіңіз айтқан кітапшадан танысуыңызға болады.

**- Ендеше әңгіменің ағысын басқа арнаға бұр дейсіз ғой. Олай болса, өзіңіз басшылық ететін оқу ордасы жайлы сыр тарқататын уақыт жеткен сияқты. Механика-математика факультеті осыдан үш-төрт жыл бұрын сұранысы төмен, абитуриенттері конкурссыз қабылданатын, университетіміздегі проблемсы шаш етектен оқу ұяларының бірі еді. Аз уақыттың ішінде сол тығырықтан жол тауып шығып, алдыңғы қатарлы факультеттердің біріне айналып отыр. Тіпті, биылғы жылы бюджеттен тысқары ақылы оқу топтарына ілігу үшін де абитуриенттердің арасында тартыс болды дегенді естиміз. Оның үстіне, өртеніп кетіп, біраз жыл қараусыз тұрып қалған мәжіліс залдарыңызға жан бітіп, күрделі жөндеуден өткеніне және оқу корпусының бірқатар сылап, өңдеуден кейін реңі кіре бастағанына әлгінде аралап көріп көзіміз жетті. Осы игілікті істердің бәрін факультет оқытушылары мен студенттері Сіздің есіміңізбен, дәлірек айтсақ, декан болған кездегі атқарған шаруаларыңызбен тығыз байланыстырады. Жалпы, басшы ретінде факультетіңіздегі соңғы жетістіктердің сыры неде деп ойлайсыз?**

- Факультетімізде оң өзгерістер болып жатқаны рас. Бірақ, оны бір менің еңбегімнің жемісі деуге болмайды. "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" демекші, ол - осындағы барлық әріптестерімнің ортақ табысы. Біздікі күш біріктіріп, бағыт-бағдар беріп отыру ғой, қалғаны оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің еңбегі. Шындығын айту керек, бүгінде барлық мәселе қаржы табуға келіп тіреліп жүргені жаңалық емес. Бюджеттен бөлінген қаржы тапшылау екені баршаға белгілі. Бірақ солай екен деп үкіметті кінәлауға тағы болмайды. Өтпелі кезең соны талап етеді. Енді не істеген дұрыс? Әрине, тығырықтан шығар жол іздестіру керек. Оқу орындары үшін, біздіңше, оның екі түрлі өткелі бар. Біреуі - өз қаржысымен оқимын дегендерге жағдай жасау, екіншісі - ғылымды өндіріспен байланыстырып, табыс табу. Осы екеуі де бізде соңғы уақытта дұрыс жолға қойылды десем, артық айтқандық болмайды. Факультеттің профессорларынан бастап, барлық қызметкерлері осы екі бағытта жұмыс істеп жатыр. Болашақ студенттеріміз - мектеп оқушыларының арасына барып, үгіт-насихат жүргізу жұмыстары біртіндеп жемісін беріп келеді. Факультетімізге оқуға түсуге талап білдірушілер қатарының көбейіп отырғандығы - соның айғағы. Бір әттеген-айы, біз әзірге Алматы мектептерінің ғана оқушыларымен байланыс жасап, қаладан ұзап шыға алмай жатырмыз. Ал осыны республика көлемінде ұйымдастырсақ, қаншама математикаға бейімі бар, талантты балаларды топтастырар едік. Өкінішке орай, олардың едәуір бөлігі ТМД елдерінің оқу орындарына тартылып жатыр. Мәселен, Мәскеу, Томск, Новосибирск мемлекеттік университеттерінің оқытушылары жыл сайын Қазақстанның облыстарын аралап, арпа ішіндегі бидайларымызды іріктеп әкетіп жатқаны қабырғамызды қайыстырады. Олар сол жақта білімдерін жетілдіріп, елге қайтып оралып жатса жақсы ғой, ал біржола қалып қоятындарын қайтесіз.

*(Жалғасы 12-бетте).*

# На географическом - юбилей!

(Продолжение. Начало на 10 стр.)

выходило в свет по 100-110 научных и учебно-методических работ, то в этом году, как ожидается, их число превысит 150. Примечательно, что в юбилейном году сотрудниками факультета издано 15 монографий и учебных пособий, есть хороший задел на будущее. Назову лишь некоторые. Это монографии - С.К.Давлетгалиева "Математические методы обработки гидроло-гических данных", Е.А.Таланова "Математическое моделирование и прогнозирование селей дождевого генезиса", С.А.Абдрасилова "Устьевые участки рек", учебные пособия - "Физическая география Республики Казахстан" (коллектив авторов, под ред. Г.М.Джаналиевой), "Радиология и аэрология" (В.С.Чередниченко), "Практикум по метеорологии и климатоглогии" (Г.К.Турулина, Р.К.Кожахметова).

В проведении научных исследований далеко не последнюю роль играют наши традиционные творческие связи с академическими и другими институтами республики и России. Так, в результате многолетнего сотрудничества нашего факультета (доктор географических наук Е.Н.Вилесов) с Институтами географии Казахстана и России, а также ряда других научно-исследовательских учреждений СССР, был издан уникальный "Атлас снежно-ледовых ресурсов мира" (1997). Плодом моих давних творческих связей с учеными Института почвоведения МН-АН РК стало издание брошюры "Почвы степной пашни Казахстана на накануне третьего тысячелетия" (1996) и монографии "Эрозия почв Заилийского Алатау" (1998), а также разработка методики оценки экологической ситуации агроландшафтов.

"Город Алматы - ледник Туюксу: междисциплинарное изучение катастрофического развития экосистемы" - так называется тема, выполняемая по гранту "INTAS" географическим факультетом (кандидат географических наук В.Н.Уваров) в содружестве с научными центрами Германии и Норвегии. Есть уже результаты...

В связи с юбилеем можно много говорить и об истории факультета, его добрых традициях и, конечно, истинных преподавателях - ярких личностях, "промелькнувших метеорах..." Это К.З.Стариков, П.П.Зотов, М.Р.Плоткин, Т.В.Петрова, З.П.Коженкова, Н.И.Яниос, Н.В.Баранов, Г.Г.Муравлев, М.Ж.Жандаев... Перед их светлой памятью мы, их ученики и преподаватели низко склоняем головы...

А жизнь продолжается. И, как поется в известной песне - "нам рано жить воспоминаниями". Нам всего 50 - это зрелый возраст. Мы с оптимизмом смотрим в новый, XXI век. Одним из "стимуляторов" этого является постоянно развивающаяся материальная база факультета: за последние годы создан компьютерный центр, пополнился картографический фонд, приобретена необходимая литература и пр. Но самое главное - это, конечно, наши увлеченные наукой люди, добрая и деловая атмосфера, которая царит на факультете, руководимом крупным ученым и педагогом, доктором географических наук, профессором Вячеславом Михайловичем Болдыревым.

В настоящее время в рамках реализации "Концепции развития науки КазГУ им. аль-Фараби" (1997) коллектив ученых географического факультета приступил к исследованиям по следующим актуальным направлениям: 1. Разработка теории антропогенеза почв и ландшафтов; 2. Исследования и эколого-географическая оценка антропогенных воздействий на ландшафты и компоненты природной среды; 3. Экологическое моделирование природно-антропогенных процессов; 4. Исследование теоретических и практических проблем территориальной организации рекреационной деятельности; 5. Разработка теоретических и методических положений экономической оценки природных ресурсов Казахстана в условиях перехода от бесплатного природопользования к платному.

В 2000 году планируем организовать и провести Международную конференцию "Новые подходы и методы в изучении природных процессов". Определенные наработки в этом плане на факультете имеются...

Завершить эти отдельные "штрихи жизни" нашего факультета-юбиляра хочу лирическими строками Л.Бербанка, которые, уверен, очень близки моим коллегам-географам и друзьям-полевикам:

Еще мы имеем потребность к
красоте...
Нам нужны благоухающие цветы
- Тысячи вещей, украшающих
жизнь!

# Елу жас - өмірдің шаңқай түсі

(Соңы. Басы 11-бетте).

Міне, осындай ұлттық мүддемізге кайшы келетін келеңсіздікке жол бермеу үшін биылғы жылы факультетімізге алдын-ала студенттер қабылдау жөнінде шара қолдандық. Осы орайда, мүмкіншілікті пайдаланып, осынау игі бастаманы түсіністікпен қабылдап, қолдау көрсеткен университет басшылығына, әсіресе ректорымыз Көпжасар Нәрібайұлына алғысымыз шексіз екенін айта кетуіміз керек. Бірінші басшының батыл шешімінсіз, аяғымыз тұсаулы күйінде қалар еді де, бүгінгі білікті студенттеріміздің едәуір бөлігі сыртка ағылар еді. Сондықтан мұны бір біздің факультеттің ғана емес, мемлекетіміздің мүддесі деп ұққан дұрыс. Сөйтіп, оны Алматыдан басқа қалаларда да ұйымдастырсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Ғылым саласына келсек, бұл жағынан да факультетімізде ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктеріміз баршылық. Ең бастысы, ғылыми-зерттеу жұмыстарымыздың бағыт-бағдарын өзгертіп отырғанымызды бөле айтқан дұрыс. Біз бұрын фундаментальды ғылыммен айналысумен шектелетінбіз. Яғни тапқан ғылыми жаңалықтарымыз өндіріске енгізіле ме, жоқ па, онымен біздің шаруамыз болмайтын. Теориялық түрде дәлелдесек болды, сонымен міндетіміз толық орындалатын. Қазір талап басқаша. Нарық заманы ғылыми қызметкерлерге теориямен қатар практиканы қоса өркендету талабын алға тартуда. Осы бағытта факультет оқытушы-профессорлары игі істерді жүзеге асырып жатыр.

**- Нарғозы аға, өзіңіз тәлім-тәрбиесін көрген ұстаздарыңыз бен қызметте арқа тұтатын әріптестеріңіз жайлы не айтасыз?**

- Өте орынды сұрақ. Оған тоқталмай кетуге болмайды. Мен өзімді үш мектептен тәлім-тәрбие алған шәкіртпін деп білемін. Алдымен, аты әлемге әйгілі математик, үш рет мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері, КСРО Ғылым академиясының академигі Н.Н.Яненконың есімін ерекше атағым келеді. Ғұлама ғалымның менің ғылым жолында қалыптасып, математика саласында үлкен жетістіктерге жетуіме негіз қалап бергенін ешқашан ұмытпай, қай ортада болсын айтып жүремін.

Екінші ұстазым - көп жыл осы факультеттің деканы болған, техника ғылымдарының докторы, профессор Уалиев. Оның кол астында аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары қызметтерін атқарып жүріп, көптеген пайдалы нәрселерді үйрендім. Қарамағындағыларға талап қойып, тапсырма беру, оны орындату, жұмысты ұйымдастыра білу секілді деканға қажетті қасиеттерді көзбен көріп, көңіліме көшірдім.

Ал, үшінші ұстазым туралы айтсам, оны басшыға жағыну деп ойлап қалмаңыздар. Зиялылығы, ғалымдығы, адамгершілігі жағынан университетіміздің ректоры Көпжасар Нәрібайұлы - бір менің ғана емес, осындағы көптеген әріптесімнің үлгі-өнеге тұтатын, үлкеннің де, кішінің де құрметіне ие, ізетті жан. Осындай басшының командасында болып, қол астында жұмыс істеу - кімге болсын бір бақыт. Қазақ білімінің қара шаңырағы - ҚазМУ-дің мынадай өтпелі кезеңде шаңырағы шайқалмай, іргесі кең, уықтары берік болып тұруы, ең алдымен, сол кісінің еңбегінің жемісі деп білемін. Жан тазалығы, жауапкершілігі, қарауындағы мыңдаған мүшесі бар үлкен ұжымды бөлмей, бәріне бірдей қамқорлық жасап отыратындығы - міне, бізге жұғысты болып жатқан жақсы қасиеттер. Мұның бәрі - шын көңілден, расында солай болғаннан кейін айтылып жатқан сөздер.

Әріптестерім туралы қанша айтсам да көптік етпейтіндігі анық. Алдыңғы буын ағаларым мен кейінгі буын інілерімнің, қатар құрбы-құрдастарымның қай-қайсысы да - мақтауға лайық, жау шебіне ойланбай бірге баруға болатын абзал жандар. Бірінен-бірі асады. Сондықтан оларды бөліп-жармай, мынадай сәтті пайдаланып, барлығына да ризашылыққа толы алғыс сезімімді жеткізумен шектелсем деймін.

**- Әңгімеңізге рахмет! Жүз жасап, еңбекте де, өмірде де табысқа кенеле беруіңізге тілектеспіз!**

# Ахаң - XX ғасырдағы қазақтың Абайы

XX ғасыр қазақ топырағын түнере аттады. Ғасыр басында халқымыздың тарихи тағдыры қыл көпірдің үстінде тұрды. Бір жағынан, Ресей патшалығының отаршылдық езгісі, екінші жағынан, күні өткен кертартпа феодалдық құрылыстың ащы зардаптары елдің еңсесін түсіріп, қазақ деген халықтың жер бетінен жойылып кету қаупін туғызды. Мұны Ахаң, Ахмет Байтұрсынов түнерген-түнерген қара бұлттарға теңеп жазды: "Төңірекке қарасақ түнерген-түнерген бұлттар көрінеді. Түбі қандай белгісіз. Не боларын білмейміз... Жалаң аяқ, жалаң бас, жендеріміз киюсіз, етектеріміз жиюсыз, ашылып-шашылып қамсыз жатқан халықпыз ("Қазақ", 1913, №1)", - деп жұртын ұйқысынан түртіп оятып, көкірек көзін ашу арқылы ертеңі үшін күресуге шақырды.

Міне, осындай "тар жол, тайғақ кешуге" тап болған, алмағайып заманда елі мен жерін қорғап қалу жолындағы ұлы күреске қазақ зиялыларының басшылық жасауы заңдылық та болатын. Жеке басынан гөрі жұрт қамын көбірек ойлап, ұлы мақсат жолында бастарын құрбандыққа қиған сол ардақты алаш азаматтарының көш басында А.Байтұрсынов тұрды. Оның халқына еткен қызметі ұшан-теңіз. Сырттың сұқ қолымен әбден тоналып, қаналудың шегіне жеткен "қалың елі, қазағының" сөнуге айналған отын лаулата жағу үшін жанын тамызық етіп, қолынан келерін аянып қалған жоқ. "Маса" болып шағып, ақындық талантымен жұрттың санасына сәуле нұрын шашты. Одан көп өтпей "общинамыздың шашылмай қалуына амал ету керек болса, сол амалға кіруге жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі - газет" деп біліп, кезінде "қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі жат жұрт жағынан күзетші" болған "Қазақ" апталығын шығарып, алты жылға таяу уақыт "халқының көзі, құлағы һәм тілі" қызметін адал атқарған басылымға басшылық ету де оңайға соқпағаны аян. Ұлы Мұхаң, Мұхтар Әуезов берген баға бойынша, жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын "Қазақ" газеті екенін ескерсек, апталықтың "бас жазушысының" қаламымен қоса қаржысымен де аянбай еткен еңбегі жарқырап көрінері хақ.

Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі әрі бірегейі - А.Байтұрсынұлының "Алаш" партиясы мен Алашорда үкіметін құру жолындағы жанкешті еңбегі - өз алдына жеке бір әңгіменің арқауы. Кеңес өкіметі тұсындағы қоғамдық, мемлекеттік қызметтері, Қазақ автономиялы республикасын құру жолындағы күресі, Ленин, Сталин секілді большевик көсемдерімен айтысып-тартысып жүріп, бүгінгі ел егемендігінің іргетасы қалануына қосқан орасан зор үлесі - әлі бағасын алмаған саналы ғұмырының бір кезеңі.

Бұлардан бөлек, Ахаң - XX ғасырдағы қазақ халқының рухани көсемі. Оның әдебиетіміз бен мәдениетіміз туралы еңбектері, ғылыми-теориялық маңызы зор мұралары - бір-бір ғылым саласының қайнар бұлақтары. Әсіресе, ғұлама ғалымның тіл саласындағы еңбектерінсіз қазақ тілі ғылымының бүгінгі күйін елестету қиын.

Бүгінде Ахаңның 125 жылдық мерейтойы республика көлемінде тіл мерекесімен қосақталып, қатар тойланып жатыр. Бұл - өте дұрыс шешім. Себебі Ахаң туралы сөз қозғағанда қазақ тілінің мәселесін, керісінше тіл туралы ой толғағанда Ахаңды еске алмай тұра алмайсыз. Ал той, әруақтарыңнан айналайын, алты алаштың азаматтары үшін емес, артында қалған елінің рухын асқақтату үшін жасалынатынын санасында сәулесі барлар түсінуге тиіс. Ахаң секілді ұлтымыздың ұлы перзенттерінің мақтауын асырып, қошемет көрсететін күн әлдеқашан өткен. Ендігі мақсат - сол ұлыларымызды үлгі тұтып, солардың айтып кеткен ақыл-кеңестерін жүзеге асыру.

Бұлай дегенде, Ахаңның халқына арнаған көсемсөздері - өзінше бір ұлағат мектебі. Көп айтып созбай-ақ, "Қазақ" газетінің 1913 жылғы 2 нөмірінде жарық көрген "Орынбор. 10-февраль" деген бас мақаласынан үзінді келтірсек те, оған айқын көз жеткізеріңіз ақиқат:

*"...Қазақтың балалары қалай оқып жүр? Елде оқыса, он жыл оқып хат жазуды білмейтін ескі жолмен оқиды. Шаһарда оқыса, я сарт, я ноғай медреселерінде оқиды. Рус школында оқитыны русша кітап, үйренетіні русша жазу, қазақша көбі оқи да, жаза да білмейді... Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен (араби, фарсы сөздерден құралған. - С.Қ.) сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз, қазақша жазсақ, әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады. Русша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, русша жазғанымыз оңай дейді...*

*Бұлардың өз тілінен қорынып, жиренетін себебі не? Менің ойлауымша, бұл әдеттенуден. Бірі русша оқып, бірі әдеби тілмен оқып, қазақша жазу әдетінде болмағандықтан. ...Бұлай істеулері ұнамды емес. Бірақ, қазақ балаларын ата-аналары осы күнгі оқытуына қарағанда "бұл неге солай" деп ғажаптанар да іс емес. Сегіз, тоғыз жасынан оқуға түссе, оқыған тілі басқа болса, оқитын кітабы басқа тілде болса, жазғанда сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер? Мұнан былай да осы бетімізбен жүре берсек, ақтығында қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, сонан соң қазақша сөйлеу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тілі жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлталақтамай осы бастан істің бетін тура жолға салған дұрыс.*

*Бұл айтқанымыз русша я басқаша оқымасын деген емес, русша тіл де білу керек, бірақ өз тілінен жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, қиналып рус, яки әдеби тілді үйренгендерге өз тілімен жазуды үйрену қиын деп ешкім айта алмас".*

**ҚайСақ.**

# Мұражайы ашылды

Биыл - халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы. Бұл ақын, публицист, қоғам қайраткері, түрколог-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың 125 жылдығына тұспа-тұс келіп отыр. Соған байланысты 12 қыркүйек күні Алматы қаласында Ахмет Байтұрсыновтың ескерткіш-бюсті мен мұражайы ашылды. Оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбаев салтанатты түрде ашып, ұлттық еркіндік пен бірлікті аңсап өткен Ахаңның рухына бағыштап сөз сөйледі. Мұражайға Елбасының арнаулы сыйлығы - Ахмет Байтұрсыновтың үлкен портретін сыйлады.

Мұражайды ашу рәсіміне сонымен бірге Алматы қаласының әкімі В.Храпунов, мәдениет комитетінің төрағасы Д.Қасейінов, Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Н.Оразалин қатысты.

А.Байтұрсынов және Жамбыл көшелерінің қиылысындағы Ахаң тұрған ескі үйді күрделі жөндеуден өткізіп, мұражайды қалпына келтіруде "Арыс" қорының президенті Әнес Ғарифолла мен А.Байтұрсынов атындағы республикалық қордың директоры Серік Байтұрсыновтың еңбектері зор.

*С.АЙДАБОЛОВА,*
*ҚазМУ-дің IY курс студенті.*

*** Фото хабар ***



А.Байтұрсынұлының 125 жылдық мерейтойына ҚазМУ кітапханашылары кітап көрмесін ұйымдастырып, үн қосты.

# Тіл мамандары төл мерекесінде

21-29 қыркүйек аралығында Қазақстан халықтары тілдерінің апталығы өтті. Ең есте қалатыны, әрі тілге деген қамқорлықтың үлгісі - 22 қыркүйек Президенттің бұйрығымен тіл мерекесі күні болып белгіленді. Бұл біз үшін, қазақ тілінің мамандары үшін үлкен құрмет, зор мереке.

Осы мерекеге тұспа-тұс А.Байтұрсынұлының 125 жылдық тойы келіп отыр. Қазақ тілі ғылымының көш басында Ахмет Байтұрсынұлы тұр десек, ғұлама ғалым туралы айтар әңгіме көп. Оған "Әліп би", "Тіл құралы", "Әдебиет танытқыш" атты кітаптары мен қазақ тілінің (Басы. Жалғасы 14-бетте).

Қазақ университеті

## Лучшие из лучших

# "Модельная" библиотека

На право стать "модельной" претендовали несколько библиотек Восточно-Казахстанской области. И мы по праву гордимся своей библиотекой, получившей грант фонда Сорос-Казахстан, который способствует совершенствованию работы коллектива, повышению квалификации сотрудников, значительному расширению контингента пользователей, улучшению материальной базы для автоматизации библиотечных процессов, оказания услуг населению.

Полученные согласно условиям проекта программно-аппаратные средства в совокупности с приобретенными библиотекой компьютерами, позволили создать локальную сеть из четырех компьютеров. В ближайших планах - расширение компьютерного парка. автоматизация в библиотеке началась в 1997 году с создания электронного каталога книг и каталога стандартов. Процесс задержался из-за перехода на программу ИРБИС. На сегодня в электронный каталог введено более 1300 названий книг, около двух тысяч названий стандартов. Создаются тематические базы данных по периодическим изданиям. Библиотека приобретает источники информации на современных носителях и предоставляет их пользователям: энциклопедии и патентная документация на CD-ROM, электронные варианты журналов.

Сейчас при выполнении некоторых запросов читателей используются созданные и приобретенные базы данных, автоматизирован процесс выпуска списков новых поступлений.

Электронная почта используется для оперативной связи с другими библиотеками по работе МБА и другим вопросам.

В июне библиотека подключилась к сети Интернет, чему предшествовало обучение сотрудников библиотеки на семинаре с приглашением из Москвы В.Степанова, организованном совместно с ОУНБ им. А.С.Пушкина.

Получив доступ к ИНТЕРНЕТ, библиотека в июне начала проводить мероприятия под названием "ИНТЕРНЕТ - окно в большой мир", включающее беседу об электронной почте и ИНТЕРНЕТ, практический показ использования этих средств получения информации. Составлен график, рассчитанный на июнь-сентябрь этого года. На первом мероприятии присутствовали студенты, библиотекари города и частные лица. Последующие мероприятия рассчитаны на детей старше 12 лет и подростков и дополнены викториной с призами. По просьбе директора летнего лагеря, сотрудники библиотеки выехали в лагерь к ребятам, провели с ними беседу, использовали графический материал и рисунки, из-за отсутсвия компьютера на месте, закрепили знания ребят в форме викторины с призами.

Грант фонда Сорос-Казахстан с привлечением средств фонда Евразия, AID, Института Открытого Общества-Будапешт оказал существенное влияние на работу Восточно-казахстанской областной научно-технической библиотеки. Благодаря ему, библиотека расширила перечень услуг для своих пользователей, пополнила свою базу современными техническими средствами, повысила квалификацию своих сотрудников, провела и планирует проводить в дальнейшем культурно-просветительские мероприятия для широких слоев населения, оказывать помощь библиотекам области.

Но окончание действия гранта не означает, что библиотека остановит свою работу в перечисленных выше направлениях. Будут проводиться культурно-просветительские мероприятия, совершенствоваться система обучения пользователей современных средств информации, интенсивно вестись работа по внедрению новых технологий и предоставлению пользователю возможностей этих технологий. Продолжится методическая помощь библиотекам совместно с областной универсальной библиотекой в рамках ассоциации по направлениям:

- повышение квалификации библиотекарей области
- поднятие имиджа библиотек, организация акций по оказанию помощи им
- оптимизация и координация комплектования библиотек
- автоматизации библиотечных процессов.
- создание и предоставление пользователям единого электронного каталога библиотек города.
- Планируемая работа требует дополнительных финансовых и временных ресурсов.

*Г.А.БОРИСОВИЧ, директор ВК ОНТБ.*

## Тіл мамандары төл мерекесінде

*(Соңы. Басы 13-бетте).*

табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың методикасы туралы жазған мақалалары айғақ. Басқасын былай қойғанда, қазақ тілі ғылымына сіңірген мол еңбегін бір мақала көлемінде толық айтып жеткізу мүмкін емес. Ғалым синтаксис, морфология, фонетика саласында аса терең ғылыми жұмыс жасады. Бұл жөнінде академик А.К.Кононовтың А.Байтұрсынұлын отандық түркологтардың жетекшілері қатарына қосқанын айтсақ та жеткілікті.

Бүгінде А.Байтұрсынұлының 125 жылдығы республика көлемінде кеңінен аталып, Ғылым Академиясында, жоғары оқу орындарында ғылыми конференциялар ұйымдастырылуда. Туған топырағы Қостанай өңірінде, Астанада үлкен дүбірлі мерейтойы болып өтті. Осылардың бәріне біздің филология факультетінен академик З.Қабдолов, профессорлар Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев, М.Серғалиев, Т.Сайрамбаевтар қатысып, өздерінің тартымды баяндамаларымен той мәзірін арттырғандарын айта кетуіміз керек.

Тіл апталығында біздің қазақ тілі кафедрасы оқытушыларының да көтерген жүгі жеңіл болған жоқ. "Тіл тағдыры - ел тағдыры", "Тілге құрмет - елге құрмет", "Ахметтану" атты тақырыптарда ашық сабақтар өткізілді. Шетелдік және республикалық студенттер арасында сұхбат-кеңес өткізіліп, теледидарға түсірілді.

"Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол адамның білімсіз бейшарасы", - деп Абай атамыз айтқандай, қазір біздің кафедра оқытушылары орыс аудиториясында қазақ тілін оқытып-үйретуде қажымай-талмай, тіл тазалығын сақтау жолында үлкен еңбек етіп келеді. Сонымен қатар әркез орыс аудиториясындағы қаракөздерімізге Қадыр Мырзалиев ағамыздың: "Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте, Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!" - деген өлеңін естен шығармауын ескертіп отыруды да ұмыт қалдырмаймыз.

*Айсұлу ИСАНОВА,*
*қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты.*

## Жоқтан бар жасалған

Университет кітапханаларының оқу залдарына студенттердің сыймай жататын кездері болады. Әсіресе, сессия уақытында "кітапқұмарлар" тым көбейіп кетеді де, залға кіру үшін кезекке тұруға тура келеді. Бұл күнде журналистика факультетінің студенттері мұндай машақаттан біршама құтылған. Бір жарым жылдан бері факультеттің өзінде оқырман залы жұмыс істейді. Өздеріне қажетті кітаптардың көбін студенттер енді осы жерден-ақ таба алатын болды. Бұл игі іс - факультет студенттеріне бардық жағдайды жасау үшін атқарылып жатқан шаралардың бір айғағы.

Оқырман залын ашу жөніндегі бастаманы 1996 жылдың сәуірінде факультет деканы, профессор Н.Омашев көтерді де, істі сөзбұйдаға салмай бірден өзі қолға алды. Бұрын бос тұрған аудиторияны тез арада жаңа құрылыс материалдарымен күрделі жөндеуден өткізіп, айналасы жиырма күннің ішінде залды оқырмандар пайдалануына берді. Сонымен қоса шәкірттер үшін 350 кітапты бірінші болып тарту етті. Кітап қорын молайтуға факультет оқытушылары көп үлес қосты. Т.Қожакеев, М.Барманқұлов, С.Қозыбаев, Қ.Аллаберген, Р.Нұртазина тағы басқа ұстаздар жеке кітапханаларынан көптеген кітаптар өткізді. Факультеттің бұрынғы деканы, марқұм Крикуновтың отбасы 250, Оклахома университетінің деканы 30 кітап сыйлады.

Қазіргі уақытта оқырман залындағы басты байлық - кітап саны үш мың бес жүзден асады. "Академ-книга", "Экономик-С", "Вагнер" сияқты дүкен, фирмалардан факультет қаржысына жаңа кітаптар алынып тұрады. Жылына қырық бір газет, отыз үш журнал жазылып алынады. Республикалық басылымдардан басқа ЮНЕСКО арқылы ағылшын, неміс, жапон, қытай, корей тілдерінде шығатын газет-журналдар әкелінеді.

Оқырман залының меңгерушісі педагог-психолог Майра Байболова өз ісін үлкен абыроймен атқарып келеді. Ұстаздардың, студенттердің қажетін өтеу үшін істеп жатқан ол кісінің еңбегі мақтауға тұрарлық. Майра апайдың қызметі оқырмандарға кітап, газет-журналдарды беріп, алумен шектелмейді, сонымен бірге әртүрлі басылымдардан оқытылатын пәндерге қатысты материалдарды, факультет оқытушыларының баспасөзде жарияланған еңбектерін картотекаға жинап отырады. Бұл студенттердің қажетті оқу-құралдарын тез тауып алуына мүмкіншілік береді.

Жоқтан бар жасалған оқырман залының ашылуы - студент талабына сай істелген шара екендігі қазір еш күмән тудырмайды. Бұл үшін факультет басшылығына шәкірттердің айтар алғысы көп.

*Ержан ӘБДІРАМАНОВ,*
*журналистика факультетінің студенті.*

# Кітапхана тарихын көрме таныстырды

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы еліміздегі ең ірі және негізгі кітапханалардың қатарынан саналады. Ол 1932 жылы құрылған. Содан бергі уақытта жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар саласы бойынша оқырмандардың ауқымды бөлігін керекті білім, ақпаратпен үздіксіз қамтамасыз етіп келе жатқан кітапхананың тарихы Қазақстан ғылымының қара шаңырағы - Ұлттық Ғылым академиясының тарихымен тығыз байланысты.

Жақында құрылғанына 65 жыл толуына орай кітапхана қызметкерлері "Кітапхана тарихы" атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Оған кітапхана тарихымен толық танысуға мүмкіншілік беретін бірнеше тақырыптық бөлімдер бойынша 150-ден аса кітап, газет-журнал тігінділерінің материалдары қойылды. Сол арқылы кітапхананың өткен тарихын, даму жолдарын көрсетуге айрықша назар аударылды. Бұл да бүгінгідей нарық заманының ауыртпалығы қос бүйірден қысып тұрған уақытта тығырықтан шығудың бірден-бір тиімді жолы болды. Нәтижесінде, аз шығынмен кітапхана мерейтойын көпшілік көңілінен шығатындай етіп атап өтуге қол жеткізілді.

Көрменің "ҚР ҒМ-ҒА Орталық ғылыми кітапханасының құрылу тарихы" деп аталған бөлімінде жинақталған кітапхана тарихынан толық мағлұмат беретін әдебиеттер келушілердің назарын бірден өзіне аударды. Ал кітапхана қызметін жан-жақты ашып көрсететін тәжірибе алмасу, кітапхана ісін автоматтандыру, кітапханатану, библиография салалары бойынша дайындалған материалдар "Орталық ғылыми кітапхана қызметкерлерінің ғылыми еңбектері" бөлімінде топтастырылды. Атап айтқанда, осы мәдениет ошағында көп жыл еңбек еткен құрметті кітапханашылар Г.К.Әбуғалиеваның, Л.Д.Әбенованың, Ш.Н.Құлбаеваның және Н.Б.Ахмедованың жоғарыдағы тақырыптағы еңбектері оқырмандар ілтипатына бөленді. Мұнда сонымен қатар кітапханашылардың халықаралық, республикалық ғылыми конференциялары мен басқа да түрлі жиындарының материалдары көрнекті орын алды. Әсіресе, өзіміз қызмет ететін кітапхананың 60 жылдық, әлем таныған Әуезовтің 100 жылдық мерейтойлары қарсаңында кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өткізілген ғылыми-теориялық конференция материалдарынан құрастырылған "Баға жетпес мұра" және "Ұлы суреткер ұлағаты" атты жинақтар көпшілік көңілінен шықты. Сондай-ақ, "Кітапстан-98", "Қырым-98" деп аталатын халықаралық конференциялардың материалдары да келушілердің ыстық ықыласын туғызды.

Көрменің үшінші бөлімі "Кітапхананың баспа қызметі" деп аталды. Аты айтып тұрғандай, мұнда кітапхананың баспа қызметі жан-жақты насихатталды.

Кітапхана дүние жүзіндегі 76 елдің ғылыми мекемелерімен кітап алмасумен қоса баспа ісімен де айналысады. Түрлі көрсеткіштер шығарып, библиографиялық көмекші құралдар арқылы оқырмандар жұмысын жеңілдетуді дұрыс жолға қойған. Кітапхана қызметкерлері дайындаған "Ғылым академиясы басылымдарының библиографиясы", "ҒА Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаула қолжазбалардың библиографиялық көрсеткіші", "Қазақстан әдебиеттану және сын библиографиялық көрсеткіші" - оқырмандар сұранысына ие құнды мұралар.

Жоғарыда аталған бөлімдердің көркін көрмеге қойылған, республикаға танымал ғалымдардың өмірі мен қызметтерінен жан-жақты мәлімет беретін, олардың еңбектері мен оған жазылған рецензиялармен таныстыратын библиографиялық материалдар одан сайын асқақтата түскен. Сонымен бірге кітапхана қызметкерлері жайлы мол мағлұмат беретін дүниелер де көрменің шырайын келтіріп, мән-мағынасын асырып тұр. Кітапхананың алғашқы директорларының бірі Н.Б.Ахмедова мен бүгінгі басшысы Г.К.Әбуғалиеваға дейінгі құрметті қызметкерлерінің суреттері мен еңбектерінің көрініс табуы тарихи тақырыптағы көрменің мазмұнын толық айқындап береді.

***Ботакөз ҚҰТТЫБЕКОВА,***
***ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының ғылыми-әдістемелік бөлім кітапханашысы.***

*Лучшие из лучших*

# Для деловых людей

Северо-Казахстанская общественная научно-техническая библиотека (ОНТБ) им. академика Е.Букетова успешно сотрудничает с субъектами малого предпринимательства. В результате в ней был открыт специализированный зал деловой информации (ЗДИ), в котором сосредоточена литература по рыночной экономике.

На основе анализа запросов пользователей определилась тематическая направленность комплектования ЗДИ: бизнес, менеджмент, предпринимательство (ведение переговоров, прибыль, доходы); финансовое дело (налоги, пошлины, инвестиции, международные финансы); экономика народного хозяйства (реформа управления, приватизация); банковское дело (банки, деньги, кредиты); биржевое дело (рынок капитала, брокерское дело); торговля, рынок (спрос и предложение, маркетинг, конкуренция); юридические вопросы (страхование; таможенные правила; внешнеэкономическая деятельность; справочные издания.

В ЗДИ собрано 616 экз. литературы, представленной на семи тематических выставках: "Закон о нас и для нас", "Пресса делового человека", "Бизнес-план - основа успеха", "Малый бизнес", "Двери для деловых контактов" и др. В папках и коробках собраны материалы по 42 темам: "Деловой английский язык", "Банковское дело", "Рекламная деятельность", "Менеджмент", "Маркетинг", "Все о таможне" и т.д.

Также в зале представлен обширный справочный материал типа: "Международные выставки - 98" (тематика, дата и место проведения), "Календарь налогоплательщика", "Экономические индикаторы", "Штриховые коды", адреса и телефоны налоговых служб города и области, таможенного управления, аудиторских и нотариальных контор.

Посильную помощь в оснащении зала оказали Департамент промышленности и Центр делового сотрудничества, ЦНТИ, школа искусств.

Постепенно ЗДИ оснащается технически. Поставлен "CANON", на котором читателю копируются запрашиваемые издания. Зал компьютеризирован.

В помощь всем заинтересованным организована выставка "Бизнес-план - основа успеха", на которой, помимо книг и подборок из периодики, выставлены образцы типовых бизнес-планов, составленных министерством по труду и социальной защите населения РК, по которым был проведен практический семинар "Методика составления бизнес-плана". В течение почти 3-х месяцев 36 человек от 23 организаций учились составлять бизнес-планы.

В помощь начинающим бизнесменам организована выставка "Малый бизнес", в которой литература сгруппирована по разделам: "Правовые основы малого бизнеса", "Как начать свое дело", "Психология бизнеса", "Имидж фирмы".

Особую ценность составили практические материалы, разработанные как самой библиотекой (блок-схема для регистрации субъектов малого бизнеса), так и представленные банками. Местом встречи деловых людей города также является зал деловой информации. В нем библиотека совместно с Управлением по поддержке малого бизнеса, с налоговым и таможенным комитетами, с Федерацией деловых людей, с Торгово-промышленной палатой, с Центром малого бизнеса, с НПО "Компас потребителя" организовывает презентации, семинары-консультации, бизнес-уроки и др. мероприятия.

Работа зала деловой информации постоянно совершенствуется и обновляется.

***З.А.ТЕРЕХИНА,***
***директор Северо-Казахстанской ОНТБ.***




*Е.Горохов. Рвачи улетели.*

# Прогнозирование библиотечного будущего

Возможны три разновидности библиотеки будущего: традиционная; модернизированная, не имеющая собственного фонда, но обладающая доступом к другим отдаленным источникам информации (виртуальная).

Главным ориентиром в работе виртуальной библиотеки станет активный поиск повышения качества библиотечного и справочно-информационного обслуживания пользователей, максимальное удовлетворение их потребностей, открытость и приемлемость библиотеки для всех категорий читателей, их активная роль в библиотечной деятельности.

В области обслуживания читателей представляется актуальным разработка и внедрение евразийской модели качества библиотечного обслуживания; создание специальной "Службы доверия", "Службы читателя" и т.д.

Отличительная характеристика библиотек будущего - разнообразие ассортимента библиотечных услуг, стабилизация политики платности. Прибиблиотечные услуги получат более широкое распространение (организация централизованного справочного бюро по методу информационной аптечной службы; просмотр фильмов и телепередач в специальных кабинах с помощью кабельного телевидения; прокат или продажа кассет по библиотечной тематике; включение библиотек в объекты туристических программ и т.д.).

Значительно усовершенствуется технология библиотечного обслуживания (ведение единых электронных читательских формуляров и картотек с помощью Интернет, запись читателя в библиотеку по телефону, факсу, электронной почте, оснащение читательских мест настольными электронными табло и др.).

В области справочно-информационного обслуживания намечается совершенствование его форм. В комплектовании и обработке фондов перспективны: изменение соотношения видов и носителей информаци.

Приоритетными в подготовке и подборе библиотечных кадров станет разработка комплекса мер, именуемых "диагностикой личности", а также новых квалификационных тарифов и разрядов; доступ к локальной и дистанционной сети для работы с учебно-методическим материалом. Предполагается введение в курс высшего и среднего специального образования ряда смежных и родственных дисциплин.

Реализация рассмотренных направлений обеспечит рост авторитета и статуса библиотеки в обществе.

*С.Б.РАТМАНОВА,*
*ведущий научный сотрудник*
*КазНИИКИ.*



*Е.Горохов. - Зайдем: тут, говорят, два мушкетера бывают...*

## "Түркістан жинағы" - ғасырлар мұрасы

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігі жарияланғанына биыл жетінші жыл. Осы мерзім ішінде республикамызда елеулі өзгерістер болуда. Соның ең бастысы - демократиялық құқықтық мемлекет құруға алғашқы игі қадамдар жасалып жатқандығы.

Өткені жоқ елдің болашағы бұлыңғыр. Осы себептен де егеменді елдің көк байрағын желбіреткен халқымыз өзінің арғы тарихын білуге мейлінше ықылас қоя бастады. Елбасының өзі ерекше көңіл қойып, бағыт-бағдар беріп отырған осынау ізгілікті де игілікті істен Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен оның ғылыми-библиографиялық бөлімі де шет қалып отырған жоқ. Таяуда жарық көретін "Түркістан жинағы" атты библиографиялық көрсеткішті дайындап, оны баспаға ұсынуды мақсат етіп отырғаны - соның бір ғана жемісі.

1867 жылы құрамында Жетісу (1882 жылға дейін) және Сырдария облыстары бар Батыс Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғаны тарихтан белгілі. 1886 жылы генерал-губернаторлық ресми түрде Түркістан өлкесі аталып, 1898 жылы оның құрамына Закаспий, Самарқан, Жетісу, кейіннен Ферғана, Хиуа және Бұхар хандықтары қосылған болатын. Осы жылдары жарық көрген "Түркістан хабаршысы", "Түркістан жаршысы", "Түркістан әуесқой археологтар үйірмесінің журналы", "Жаңа өмір", "Дауыс" т.б. газет-журналдардың материалдары топтастырылып, "Түркістан жинағы" деген атпен тарихта із қалдырған.

Бұл жинақта сол кездегі орыс зерттеушілерінің, тіпті Европа саяхатшыларының (ағылшын, неміс тілдерінде жазылған) ғылымның әр саласы бойынша қазақ өміріне қатысты зерттеулері жарияланған. Тарих, этнография, археология, медицина, дін, география, геология, топография салаларына қатысты құнды материалдар өте көп. "Түркістан тарихы" атты араб жазба нұсқасымен берілген мақалалар және Ресей патшалығының Қазақстан және Орта Азия жерлерін отарлау саясатының мәнін ашып көрсететін деректер, этнографиялық әдебиа мұралар, қазақтың халық ауыз әдебиеті, әдет-ғұрыптары, діни көзқарастары жайында түсінік беретін материалдар жинақтың бағалы мұра екендігінің айғағы.

Түркі тілдерінің майталман маманы, көне түркі тілінде жазылған Күлтегін ескерткішіндегі руникалық жазудың тұңғыш орысша аудармасын жасаған академик В.В.Радловтың, орыс зерттеушісі Н.М.Ядринцевтің, Шу мен Талас өңіріндегі археологиялық ескерткіштерді алғаш зерттеп, құнды ғылыми еңбектер жазған шығыс зерттеушісі В.В.Бартольдтың, орыс саяхатшылары М.Пржевальскийдің, Т.Н.Потаниннің, П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің еңбектерін де осы жинақтан кездестіре аласыз.

Сондай-ақ "Түркістан жинағына" Семей, Өскемен төңірегінде қызмет бабымен көп жылдар бойы тұрған әскери қызметші, инженер И.П.Андреевтің қазақ этнографиясы туралы өте құнды ғылыми еңбектері енген. Қазақ халқын этнографиялық тұрғыдан зерттеудің үлгісін бірінші рет жасаған орыс ғалымы А.Левшиннің әдет-ғұрыптарға байланысты: мәйітті жерлеу, ас беру салттары туралы, құдалық, қыз ұзатуға қатысты ел арасынан жиған мағлұматтар негізінде жазған төл туындылары да кездеседі. Қазақ халқының этнографиясына баға жетпес мұра қалдырған, Түркістан өңірінде тұрған А.Диваевтың көптеген еңбектері де осында. Жинақта Петербург университетінің шығыс тілдер факультетін бітірген, XIX ғасырдың 80-жылдарында Сырдария облыстық сот қызметінде болған И.Аничковтың қазақтың ас беру ғұрпы, қалың мал мәселесі туралы мақалалары, Сырдария облысының әскери губернаторы Н.И.Гродековтың қазақ өмірі және діні жайлы толғамдары жарық көрген. Сот-право бөлімі бойынша Ресей империясының қол астына қараған қазақ қоғамының сот жүйесіне қатысты құжаттар мен шешімдердің көшірмелері бар. География саласында Қазақстан жерінің карталары, Каспий өңірі туралы, Қазақстанның пайдалы қазбалары жөнінде материалдар кездеседі.

Тарихымыздың тамыры ғасырлар тереңінде жатыр. "Түркістан жинағы" - өткен ғасырда өмір сүрген саяхатшылардың бізге қалдырған мол мұрасы.

Әр кезең шындықтарын бейнелейтін, халқымыздың тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерін көрсететін сол құнды қазына бүгінде біздің Орталық ғылыми кітапханамызда жоқ. Ол Өзбекстанның ұлттық кітапханасында тұр. Осы олқылықтың орнын толтыру - бүгінгі ұрпақ, біздердің міндетіміз. Егер "Түркістан жинағы" басылып шығар болса, оның ғылым жолына ден қойған азаматтарға үлкен көмегі тиері сөзсіз.

"Ел болам десең ертеңіңді ойла" деген нақыл сөз бар. Ол өткеннен тағлым алудан басталады. Ал тарихымызды білгіміз келсе, өткен ғасыр мұраларына назар аударып, жоғымызды түгендеуге көңіл бөлу керек шығар. Сөйтіп, бүгінгі ұрпақ санасын, ел тарихын, жер тарихын құрметтеу, өз елін әрдайым мақтаныш ету рухында тәрбиелеу қажет деп білемін.

**А.БӨРЛІБАЕВА,**
***ҚР ҒМ-ҒА Орталық ғылыми кітапханасының библиографы.***

4 стр.

### Работа и управление

Должна быть разработана четкая политика, определяющая цели, приоритеты и виды услуг в соответствии с местными потребностями. Публичная библиотека должна быть эффективно организована, и в работе необходимо придерживаться установленных норм и стандартов.

Должна быть обеспечена основа для сотрудничества с нужными партнерами, например с группами пользователей и другими профессионалами на местном, региональном, национальном и международном уровнях.

Предоставляемые услуги должны быть физически доступными для всех членов общества. Это предполагает рациональное расположение библиотечных зданий, хорошие условия для чтения и занятий, соответствующее техническое оснащение и удобные для всех пользователей часы работы. Необходимо предусмотреть организацию обслуживания вне стен библиотеки для тех, кто не может ее посещать.

Библиотечное обслуживание должно учитывать разнообразные потребности жителей сельских местностей и городов.

Библиотекарь является активным посредником между потребителями и ресурсами. Профессиональное образование и повышение квалификации библиотекаря - непременное условие надлежащего уровня обслуживания.

Предоставление обслуживания вне стен библиотеки и программы обучения потребителей должны помочь им максимально использовать все ресурсы.

### Выполнение манифеста

**Лицам, принимающим решения на национальном и местном** уровнях, библиотечному сообществу во всем мире настоятельно рекомендуется проводить в жизнь принципы, изложенные в Манифесте.

1 стр.

# Манифест ЮНЕСКО о публичных библиотеках 1994 г.

Свобода, процветание и развитие общества и личности являются основными человеческими ценностями. Но их можно обрести лишь при условии, что хорошо информированные граждане будут способны пользоваться своими демократическими правами и играть активную роль в обществе. Конструктивное участие и развитие демократии зависят от достаточного уровня образования и от свободного и неограниченного доступа к знаниям, идеям, культуре и информации.

Публичная библиотека, открывая доступ к знаниям на местах, обеспечивает основные возможности для непрерывного образования, самостоятельного принятия решений и культурного развития личности или общественных групп.

Манифест провозглашает веру ЮНЕСКО в публичную библиотеку, как в активную силу, содействующую распространению просвещения, культуры и информации, и как в важнейший фактор, способствующий поддержанию идеи мира и духовности в умах мужчин и женщин.

Поэтому ЮНЕСКО призывает центральные и местные органы власти оказывать поддержку и активно содействовать развитию публичных библиотек.

### Публичная библиотека

Публичная библиотека является местным информационным центром, предоставляя своим пользователям быстрый доступ к знаниям и информации во всех формах.

Обслуживание в публичной библиотеке предоставляется на основе равного доступа для всех, независимо от возраста, расы, пола, вероисповедания, национальсти, языка или общественного положения. Особые виды услуг и материалов должны предоставляться тем потребителям, которые по какой-либо

Вырежь и сохрани!

4 стр.

2.6 Отличается преданностью к делу, которому служит.

2.7 Способствует взаимораспространению и обогащению культур народов Казахстана через собственное поведение, а также пропаганду литературы и организации фондов.

**Раздел III. Профессионально-этические черты библиотекаря Библиотекарь Казахстана:**

3.1 Обеспечивает свободный, равноправный доступ к информации, взаимоиспользование информационного потенциала и ресурсов, внедрение прогрессивных информационных технологий.

3.2 Соблюдает принцип объективности при подготовке и доведении информации до потребителей, а также принцип интеллектуальной свободы пользователей.

3.3 Придерживается принципа конфиденциальности сведений о потребителе информации и его круге чтения.

3.4 Не допускает цензуры библиотечных материалов.

3.5 Заботится о высоком авторитете и престиже профессии, статусе библиотечного работника.

3.6 Проявляет активность в контактах с общественностью.

3.7 Умеет быть тактичным, дипломатичным, деликатным в повседневной работе.

**Раздел IY.**

**Принцип соблюдения профессионального кодекса.**

**Каждый библиотекарь Казахстана:**

4.1 Должен соответствовать требованиям настоящего кодекса.

4.2 Знает и выполняет основные положения Кодекса

4.3 Отвечает за грубые нарушения библиотекарем профессионального Кодекса. Неоднократные его нарушения влекут за собой моральное осуждение в коллективе и профессиональной среде, отказ от продления контракта по занимаемой должности, отрицательную характеристику, выдаваемую Библиотечной ассоциацией РК (БАРК).

4.4 испытывает национальную гордость за развитие библиотечного дела РК.

4.5 Совершенствуя этический кодекс библиотекаря Казахстана, изучает кодексы профессиональной этики библиотекаря стран ближнего и дальнего зарубежья, принимает их к сведению, участвует в разработке международной модели кодекса.

1 стр.

# Обсуждаем проект “Этического кодекса библиотекаря Казахстана”

**От составителей:**

На рассмотрение библиотечной общественности предлагается проект этического Кодекса библиотекаря Казахстана, отвечающего не только требованиям настоящего времени, но и будущего.

Вступление библиотек Республики Казахстан в XXI век, разработка стратегии их деятельности в условиях развитой рыночной экономики, интеграция библиотечного дела страны в единое культурно-информационное пространство обусловили необходимость корректировки, конкретизации и формулировки убеждений и ориентации библиотекарей Казахстана. В связи с этим в настоящем Кодексе изложены нормы профессионального поведения и мышления библиотекарей РК в качестве непреходящей ценности и основы работы казахстанской библиотеки.

Разработки данного проекта Кодекса придерживались линии преемственности с аналогичными документами стран ближнего зарубежья (Россия, Украина и т.д.), учли их рациональное зерно, а также общие закономерности тенденции в развитии библиотечного дела СНГ.

В то же время. вариант казахстанского Кодекса имеет следующую специфику, свои особенности, во главу угла поставлены:

а) роль библиотекаря в становлении и взаимообогащении национальных культур, отражающих стабильность и интернациональность казахстанского общества;

б) личностные аспекты профессиональной деятельности библиотекаря, имеет в данном случае приоритет перед функционально-техническими аспектами работы сотрудника библиотеки;

в) структура Кодекса составлена в соответствии с правилами оформления подобных документов.

Авторы обсуждаемого Кодекса надеются, что их проект найдет соответствующий отклик в профессиональной среде, а также среди

2 стр.

причине не могут пользоваться обычными услугами и материалами.

Все возрастные группы должны получить материал, соответствующий их потребностям. Фонды и услуги должны включать все типы носителей и современных технических средств наряду с традиционными материалами. Главное при этом - высокое качество и соответствие местным нуждам и условиям. Содержание материала должно отражать текущие тенденции и эволюцию общества, а также память о человеческих устремлениях и творческих достижениях.

Фонды и услуги не должны подвергаться идеологической, политической или религиозной цензуре в любой форме или зависеть от коммерческих факторов.

**Задачи публичной библиотеки**

Следующие ключевые задачи, имеющие отношение к сфере информации, грамотности, образования и культуры, должны определять характер и содержание предоставляемых публичной библиотекой услуг:

1) создание и укрепление навыков чтения у детей с самого раннего возраста;

2) содействие образованию - как индивидуальному, так и в учебных заведениях - и самообразованию на всех уровнях;

3) предоставление возможностей для индивидуального творческого роста;

4) развитие воображения и стремления к творчеству у детей и молодежи;

5) содействие распространению знаний о культурном наследии и развитию способности ценить искусство, научные достижения и новшества;

6) обеспечение доступа к материалам, отображающим все исполнительские виды искусства;

3 стр.

7) содействие развитию диалога между культурами сохранению культурной самобытности;

8) поддержание традиций устного творчества;

9) обеспечение доступа граждан ко всем видам общественной информации;

10) предоставление надлежащего информационного обслуживания местным предприятиям, ассоциациям и различным группам специалистов;

11) содействие овладению информационной и компьютерной гpамотностью;

12) оказание помощи и участие в реализации мероприятий и программ по распространению грамотности, ориентированных на все возрастные группы, и организация таких программ по мере необходимости.

**Финансирование, законодательство и сети**

Публичная библиотека должна в принципе быть бесплатной. Публичная библиотека относится к компетенции местных и центральных органов власти. Она должна быть одним из главных компонентов любого долгосрочного стратегического плана в области культуры, информационного обеспечения, грамотности и образования. Ее деятельность должна быть подкреплена специальным законодательством и финансироваться центральными и местными органами власти.

Чтобы обеспечить библиотечную координацию и кооперацию в масштабе всей страны, законодательство и стратегические планы должны предусматривать создание национальной библиотечной сети, основанной на принятых всеми стандартах на обслуживание.

Национальная сеть публичных библиотек должна строиться в соотношении с национальными, региональными, научными и специальными библиотеками, а также с библиотеками в школах, колледжах и университетах.

Вырежь и сохрани!

2 стр

пользователей библиотек.

Все дополнения и замечания можно направить в адрес рабочей группы: 480100 г. Алматы,
ул. Шевченко, 28
тел: 69-24-97 факс: 69-25-07,
e-mail: admacslib. academ. alma-ata. su

Центральная научная библиотека Министерства науки - Академии наук Республики Казахстан (К.К.Абугалиева, Р.Н.Езмахунова, Г.Т.Куппаева, Б.Ж.Узбаева)

Казахский научно-исследовательский институт культуры и искусствознания (С.Б.Ратманова тел: 61-72-55)

Казахский Государственный женский педагогический институт К.Г.Нурахметова)

**Проект**

**Этический кодекс библиотекаря Казахстана**

В настоящее время наблюдается тенденция стремительного изменения социо-культурной ситуации в обществе. В связи с этим

**Библиотекари Казахстана:**

переживая большие перемены в своей профессиональной деятельности;

осознавая необходимость возрождения и развития общенациональной и казахской культуры;

учитывая возрастающую роль библиотек в реализации права личности на получение знаний, объективной и полной информации, а также на доступ к ценностям культуры;

понимая высокую миссию библиотекарей в социальном, культурно-досуговом, образовательном процессе в обществе;

стремясь к реализации прогрессивной международной модели качества библиотечного обслуживания,

испытывают объективную потребность в существовании и функционировании настоящего Кодекса как совокупности основных профессионально-этических норм и ценностей в повседневной деятельности библиотек.

3 стр.

**Раздел I.**

**Взаимоотношения библиотекаря с посетителями, партнерами, коллегами**

**Библиотекарь Казахстана:**

1.1 Служит олицетворением высокой общей и профессиональной культуры поведения и общения.

1.2 Создает атмосферу комфортности и доброжелательности.

1.3 Проявляет уважение к каждой личности, независимо от социального положения, вероисповедания, национальности, пола, возраста, политических взглядов, материального состояния и т.д.

1.4 Относится к пользователю как к сотруднику, эксперту, консультанту, непосредственному творческому участнику работы библиотеки.

1.5 Всемерно содействует реализации прав читателя на духовную автономию и библиотечное обслуживание; уделяет приоритетное внимание особым читательским группам (детям, молодежи, пенсионерам, инвалидам и т.д.)

1.6 Защищает право читателя на информацию, пользование и управление библиотекой

1.7 Проявляет к деловым партнерам и коллегам предельную внимательность, точность, обязательность, пунктуальность, предупредительность.

1.8 Владеет искусством слышать, слушать, говорить.

**Раздел II.**

**Морально-нравственные черты библиотекаря**

**Библиотекарь Казахстана:**

2.1 Заботится о своем надлежащем внешнем виде, имидже, репутации.

2.2 Является отзывчивой, честной, открытой, справедливой, благородной личностью

2.3 Проявляет максимальное внимание и готовность помочь клиентам библиотеки.

2.4 Не допускает использование служебного положение в личных и корыстных целях.

2.5 Обладает компетентностью, высоким интеллектуальным уровнем.

# Ориентиры для читателя

Проблема всестороннего развития личности не нова, но в эпоху перехода к глобальной информатизации обретает особый смысл. Попытаемся разобраться, какое участие может принять библиотека, в частности, справочно-библиографический отдел в формировании информационной культуры читателей.

"Здесь и сейчас" - этот афоризм может служить девизом справочно-библиографического отдела (СБО). Именно в этом отделе читатель получает информацию на интересующую его тему. Но, к сожалению, читатели не всегда осведомлены о возможностях СБО и поэтому постараемся восполнить этот пробел.

Библиографическая работа о библиотеке проводится по следующим основным направлениям: организация и ведение справочно-библиографического аппарата; составление библиографических материалов различного содержания и назначения; библиографическое информирование с использованием различных форм и методов; справочно-библиографическое обслуживание; пропаганда библиографических знаний.

Для того, чтобы заинтересовать читателей в использовании библиографии, справочно-библиографический отдел применяет различные методы. Ведет работу по справочному обслуживанию читателей в режиме "запрос-ответ", т.е. используя справочно-библиографический аппарат библиотеки и опираясь на книжный фонд, выполняются справки на читательские запросы. Так, при составлении списка литературы к рефератам, курсовым или дипломным работам читатели могут обратиться за помощью к сотрудникам отдела. По некоторым видам работы оказываются платные услуги.

Но где же читатели могут познакомиться с возможностями справочно-библиографического отдела? Прежде всего, на библиотечно-библиографических занятиях, которые проводятся как со студентами первых курсов, так и магистрантами и аспирантами. Расположение библиотеки, правила пользования ею, работа с каталогами и картотеками, описание произведений печати - это и многое другое можно узнать на этих занятиях. У сотрудников библиотеки есть желание, но не всегда есть возможность их проведения. К сожалению, не на всех факультетах выделяются часы, а наши читатели-студенты лишаются возможности повысить свою информационную культуру.

Преподаватели могут узнать об услугах СБО на Днях кафедры. Именно здесь сотрудники отдела имеют возможность рассказать о своей работе и познакомить с новой профильной литературой.

Также информацию о поступившей в библиотеку литературе читатели могут получить через "Бюллетень новых книг", который вывешивается в отраслевых читальных залах и в зале каталогов. В газете "Қазақ университеті" ведется постоянная рубрика "Библиотечный абонемент", которая знакомит читателей с новинками. На наибольшую заинтересованность у читателей вызывают открытые просмотры литературы, именно здесь они получают возможность познакомиться с новой книгой, а если есть необходимость, то получить консультацию библиографа.

Заинтересованность читателей в работе справочно-библиографического отдела может оперативность поиска литературы. Большое значение имеет справочно-библиографический аппарат библиотеки: это алфавитный и сиčтематический каталоги на фонд библиотеки, энциклопедические издания, словари, справочники, библиографические указатели. Хотелось бы остановиться более подробно на последних. В настоящее время рекомендательных библиографических указателей издается мало, а польза от них большая, поэтому библиотека КазГУ начала выпускать рекомендательные списки лиературы, буклеты, тематические библиографические указатели. Составлены буклеты по темам: "Бизнес малый - польза большая", "Экология и жизнь", "Бизнес и право". Подготовлен к выпуску библиографический указатель по истории Казахстана "Великие сыновья казахской степи". Ежегодно составляются биобиблиографические указатели к юбилейным датам видных ученых университета.

Помощь читателям оказывают и тематические картотеки, в которых отражаются статьи из газет и журналов, получаемых библиотекой КазГУ, картотеки расположены в отраслевых читальных залах соответственно тематике. Вот названия лишь некоторых: "Экономика Республики Казахстан", "История Казахстана", "Официальные документы Республики Казахстан".

В заключение, хотелось бы обратиться к читателям Научной библиотеки КазГУ. В сегодняшнем бурном информационном потоке, у вас есть возможность, рационально используя свое время, не тратить его на безуспешные поиски необходимой информации, хаотично бросаясь от одного издания к другому, а целенаправленно найти все необходимое. Получить консультацию в справочно-библиографическом отделе. Обращайтесь в СБО и Ваши информационные проблемы будут решены.

***Л.ГОДУНИНА,***
***Г.КОУРДАКОВА,***
***сотрудники Научной библиотеки КазГУ.***



*Е.Новиков. - Все, Марь Ивановна! Хватит про любовь! Дайте правила дорожного движения...*

## Студенттер айтысы өтті

27-қыркүйекте Студенттер Сарайында Бостандық ауданы әкімшілігі мен журналистика факультеті ұжымының ұйымдастыруымен Тіл аптасы аясында қалалық екінші студенттер айтысы өтті.

Айтысты журналистика факультетінің кафедра меңгерушісі Бауыржан Жақып жүргізді. Сайысқа ҚазМУ, АлМУ, Сәулет құрылыс академиясы, Театр-кино институты, Қыздар пед.университеті, ҚазМАУ студенттері қатысты.

Бас жүлдені ҚазМУ-дің журналистика факультетінің екінші курс студенті Бауыржан Халиолла, екінші орынды Театр кино институтының студенті Жұматай Әміреев, үшінші орынды ҚазМУ-дің журналистика факультетінің екінші курс студенті Талант Арғынғали иемденді.

Айтыс жөніндегі толық материалды газетіміздің алдағы санынан оқи аласыздар.

***Жұлдыз ТӨЛЕУҚЫЗЫ.***

## Піріміз сол, құрметтеп бас иетін

Қыркүйектің 28-30 жұлдызы аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті филология факультетінің ұйымдастыруымен "Әуезов және әлем әдебиеті" тақырыбымен халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Оған әлемнің әр түкпірінен арнайы шақырылған ғалымдар, әдебиет өкілдері қатысып, Әуезов әлеміне қатысты өз ойларын ортаға салды.

Университет ректоры, Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор К.Нәрібаев екінші рет өткізіліп отырған конференцияны аша келіп, оның ғылыми маңыздылығына баса мән берді.

Конференция барысында әлем әдебиетіне қосқан жазушы үлесі талқыланды, оның шығармаларына жанрлық терең талдау жасалды.

БҰҰ-ның атынан қатысқан Берсток Герберт мырза айтқандай, бүгінгі күні біз бәріміз - Әуезовтің сөз өнерін үйренушілерміз, оның бастап берген әдебиет салқар көшінің керуенін ұрпақтан ұрпаққа жеткізушілерміз.

Болашақта дәстүрге айналатын бұл конференция тағы бір рет әлем ғалымдарының алдында Мұхтар Әуезовтің шеберлік даңқын асқақтатты. Н.Оразалиннің атап өткеніндей, француздар - Бальзакты, орыстар - Толстойды, ағылшындар - Драйзерді, немістер - Гетені қалай құрметтесе, біз де Әуезовті солай құрметтеп, пірімізге сыйынуымыз керек. Сонда біздің ұлының ұлылығын қастерлегеніміз.

***Бұлбұл МАКЕНОВА,***
***журналистика факультетінің***
***IY курс студенті.***

## Лучшие выбирают лучшее



Хотите шагать в ногу со временем, а также иметь положительный имидж вашей библиотеки и облегчить доступ читателей к информации?

Тогда вам необходима программа АВИС. Это надежный помощник в решении ваших проблем. Система адаптирована к потребностям библиотек учебных заведений, имеет дружественный интерфейс.

Приходите, смотрите, покупайте!
Наш адрес: г.Алматы, пр. аль-Фараби, 71
КазГУ, учеб. корп. №1
Научная библиотека.

**Конкурс** **Конкурс** **Конкурс**

Профсоюз работников КазГУ им. аль-Фараби (пр. №36 от 17 сентября 1998 года) объявляет конкурс на лучшую публикацию в газете "Қазақ университеті" о работе профсоюза подразделения или о проф. лидере факультета, кафедры, отдела и т.д.

Конкурс проводится до конца апреля 1999 года. Итоги конкурса будут подводиться в мае 1999 года.

По итогам конкурса утверждаются премии:
1-е место - 3000 тенге
2-е место - 2000 тенге
3-е место - 1000 тенге
2 поощрительные - по 500 тенге.

*Профсоюз работников КазГУ*

**Казахский государственный национальный университет им. аль-Фараби объявляет конкурс на замещение должностей профессорско-преподавательского состава, а также информирует о вакантных должностях заведующих кафедрами для занятия их по контракту**

***Заведующие кафедрами:*** физвоспитания и спорта; химической энзимологии и коллоидной химии; функционального анализа и теории вероятностей; геометрии, алгебры и математической логики; физиологии и биохимии растений; педагогики; арабской филологии; ***ИЭ и П:*** макро, микроэкономики и математических методов; иностранных языков; гражданского и предпринимательского права; финансового и инвестиционного права.

***Профессора кафедр:*** МОЭВМ и математической кибернетики; ядерной физики - 0,5; философии и методологии социального познания - 2; истории казахской и зарубежной философии; казахской филологии; гидрологии; ***ИЭ и П:*** уголовного права и криминологии; маркетинга и общеэкономических дисциплин.

***Доценты кафедр:*** ботаники; биофизики и МПБ-075; микробиологии; геоэкологии и мониторинга природной среды; физической географии; гидрология суши; туризма; дифференциальных уравнений и математической физики - 2; теоретической и прикладной механики; механики сплошной среды; функционального анализа и теории вероятностей; математического анализа; неорганической химии; аналитической химии и химии редких элементов; физического воспитания и спорта - 2; философии и методологии науки; философии и методологии социального познания, новой истории Казахстана; русского языка - 1,5; казахской литературы и критики; казахского языка; казахской филологии; ***ИЭиП:*** маркетинга и обще-экономических дисциплин -2; международные экономические отношения; менеджмента -3; теории и истории государства и права; уголовного права и криминологии.

***Старшие преподаватели кафедр:*** 1-ая гум. кафедра иностранных языков - 2; филологии стран Дальнего Востока -2; турецкой филологии; ирано-индийской филологии -2; вычислительной и прикладной математики; ядерной физики; теоретической физики; физиологии человека и животных; зоологии и ихтиологии; физвоспитания и спорта; иностранных языков факультета международных отношений - 0,5; новой истории Казахстана; социологии; ***ИЭ и П:*** менеджмента; маркетинга и общеэкономических дисциплин; трудового права и гражданского процесса; теории и истории государства и права; уголовного права и криминологии; конституционного и административного права; гражданского и предпринимательского права; иностранных языков - 2.

***Ассистенты кафедр:*** 1-ая гум. кафедра иностранных языков -2; геоэкологии и мониторинга природной среды -2; физической географии; филологии стран Дальнего Востока; турецкой филологии; ирано-индийской филологии; арабской филологии -2; высшей математики и методики обучения; иностранных языков факультета международных отношений; ***ИЭ и П:*** трудового права и гражданского процесса; государственное и муниципальное управление; гражданского и предпринимательского права.

***Срок подачи документов - 1 месяц со дня публикации.***

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газетке Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде № 1242 тіркеу куәлігі берілген.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:** 480078, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10 қабат, 1008 бөлме. Тел.:47-82-50, 47-24-77.

**Бас редактор -** Қ. Сақов;
**Нөмірдің кезекші редакторлары -** Н.КЕНЖЕҒҰЛОВА; Ж.ТӨЛЕУҚЫЗЫ;
**компьютерде терген және көркемдеген -** А.БАБАСОВА;

**Фотосуреттерді баспаға әзірлеуші -** А.СӘРСЕНБИЕВ;
**Ақылдастар алқасы:**
Л.АХМЕТОВА, *саясаттану ғылымының докторы;*
Ж.ДӘДЕБАЕВ, *филология ғылымының докторы.*
З.МАНСҰРОВ, *проректор, химия ғылымының докторы;*
Н.ОМАШҰЛЫ, *филология ғылымының докторы;*

Жарияланған материалдардағы автордың көзқарасы редакцияның ұстанған бағытына сәйкес келуі міндетті емес.
Нөмір ҚазМУ-дің "Қазақ университеті" баспасында теріліп, басылып шықты.
Бағасы келісім бойынша.
Тараламы - 500 дана.
№ 390 тапсырыс.